

лицензия беруге немесе беруден бас тартуға байланысты жүзеге асырылатын қызметі;

6) қауіптілігі жоғары объектілермен байланысты қызмет саласын лицензиялау - азаматтардың өмірі мен денсаулығына және қоршаған ортаға әлеуетті қауіп төндіретін объектілердегі қызметті лицензиялау;

7) аса маңызды мемлекеттік мәні бар қызмет саласын лицензиялау - жүзеге асырылуы ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету қажеттігімен негізделген қызметті лицензиялау;

8) жеке кәсіпкерлік қызмет саласын лицензиялау - мемлекеттік реттеу, заңдылықтың сақталуын қамтамасыз ету, сондай-ақ тұтынушылардың құқықтары мен мүдделерін қорғау мақсатында заңды немесе жеке тұлғалардың қызметтер (жұмыстар) көрсетуіне байланысты жекелеген қызмет түрлерін лицензиялау;

9) лицензияланатын қызмет түрі - айналысу үшін осы Заңға сәйкес лицензия алу талап етілетін қызмет түрі (белгілі бір іс-әрекеттер (операциялар, сақтандыру сыйныптары));

10) лицензия - жеке немесе заңды тұлғаға жекелеген қызмет түрімен айналысуға мемлекеттік құжат нысанында тиісті лицензиар беретін рұқсат;

11) лицензиар - осы Заңға сәйкес лицензиялауды жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

12) лицензиялық бақылау - лицензиарлардың Қазақстан Республикасының лицензиялау туралы және лицензия берілген қызмет саласындағы заңнамасын лицензиаттардың сақтауын қамтамасыз етуге бағытталған қызметі;

13) лицензияланатын қызметтің кіші түрі - тиісті қызмет түрін бір лицензия шеңберінде нақтылау;

14) лицензиялар тізілімі - берілген, қайта ресімделген, тоқтата тұрылған, жаңғыртылған және қолданылуы тоқтатылған лицензиялар туралы мәліметтерді қамтитын дерекқор;

15) уәкілетті орган - лицензиялау саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыруға қатысатын және басқа мемлекеттік органдардың лицензиялау саласындағы заңнаманы іске асыру жөніндегі қызметін үйлестіретін мемлекеттік орган.

4-бап. Лицензиялаудың негізгі қағидаттары

1. Лицензиялар беру белгілі бір лицензия түрі үшін белгіленген талаптарға сай барлық тұлғалар үшін тең негіздерде және тең жағдайларда жүзеге асырылады.

2. Жекелеген қызмет түрлері бойынша лицензиялық тәртіп енгізу ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету заңдылықты сақтау сондай-ақ тұтынушылардың құқықтары мен мүдделерін қорғау мақсатында белгіленеді.

3. Осы Заңда лицензияланатын қызмет түрлері мен кіші түрлерінің, сондай-ақ іс-әрекеттердің (операциялардың) нақты тізбесі белгіленеді.

4. Осы Заңға лицензияланатын жаңа қызмет түрлері мен кіші түрлері қосылған жағдайда оларды лицензиялау тиісті біліктілік талаптары мен лицензиялау ережесі

қабылданғаннан кейін жүзеге асырылады.

5. Жекелеген қызмет түрлерін лицензиялау өнімге қойылатын Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген талаптар, жекелеген өнім түрлерінің, процестердің сәйкестігін міндетті түрде растау жөніндегі талаптар және қызметті мемлекеттік бақылау мемлекеттік әкімшілендіру мақсаттарына қол жеткізу үшін жеткіліксіз болған жағдайларда белгіленеді.

6. Лицензия иеліктен айырылмайды және оны лицензиат басқа заңды немесе жеке тұлғаға бере алмайды.

7. Бірыңғай технологиялық процеске кіретін және (немесе) лицензияланатын қызмет түрін жүзеге асырудың қажетті элементі болып табылатын жеке кәсіпкерлік қызмет түрлері лицензияланбайды.

8. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген өкілеттіктер шегінде мемлекеттік органдар, сондай-ақ Қазақстанның Даму Банкі жүзеге асыратын қызметті қоспағанда, лицензиялау талап етілетін жекелеген қызмет түрлерін жүзеге асыруға немесе белгілі бір іс-әрекет (операциялар) жасауға лицензия болған жағдайда ғана рұқсат етіледі.

Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген өкілеттіктер шегінде кредиттік серіктестіктер, сондай-ақ Ұлттық почта операторы жүргізетін қызметті қоспағанда, лицензиялау талап етілетін қаржы саласындағы жекелеген қызмет түрлерін және қаржы ресурстарын шоғырландыруға байланысты қызметті жүзеге асыруға лицензия болған жағдайда ғана рұқсат етіледі.

2-тарау. Мемлекеттік лицензиялау жүйесі

5-бап. Мемлекеттік лицензиялау жүйесінің құрылымы

Мемлекеттік лицензиялау жүйесін:

- 1) Қазақстан Республикасының Үкіметі;
- 2) уәкілетті орган;

3) лицензиарлар құрайды.

6-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің құзыреті

Қазақстан Республикасы Үкіметінің құзыретіне:

1) мемлекеттік саясаттың лицензиялау саласындағы негізгі бағыттарын қалыптастыру;

2) лицензиарлар тізбесін айқындау;

3) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган мен Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі бекітетін біліктілік талаптарын қоспағанда, лицензиялануға тиіс жекелеген қызмет түрлеріне қойылатын біліктілік талаптарын бекіту;

4) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган мен Қазақстан

Республикасы Ұлттық Банкі бекітетін лицензиялау ережесін қоспағанда, лицензиялануға тиіс жекелеген қызмет түрлерін лицензиялау ережесін бекіту;

5) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган мен Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі бекітетін нысанды қоспағанда, лицензияның және оған қосымшалардың бірыңғай біріздендірілген нысанын бекіту;

6) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган мен Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі бекітетін өтініш нысанын қоспағанда, лицензия алуға арналған өтініш нысанын бекіту;

7) өндірілуі, қайта өңделуі, тасымалдануы, сатып алынуы, сақталуы, сатылуы, пайдаланылуы және жойылуы лицензиялануға тиіс улар тізбесін бекіту;

8) жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алым с т а в к а л а р ы н а й қ ы н д а у ;

9) импорты және экспорты лицензиялануға тиіс тауарлар (жұмыстар мен қызметтер) тізбесін бекіту жатады.

7-бап. Уәкілетті органның құзыреті

Уәкілетті органның құзыретіне:

1) лицензиялау саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыруға қатысу;

2) уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен лицензиарлар табыс ететін ақпаратты ж и н а қ т а л д а у , ө н д е у ;

3) лицензиялар тізілімінің бірыңғай нысанын бекіту;

4) мүдделі орталық мемлекеттік органдармен келісім бойынша өтініш берушінің қоршаған ортаны қорғау, ядролық, радиациялық, санитарлық-эпидемиологиялық, өнеркәсіптік, өрт қауіпсіздігі және мемлекеттік энергетикалық қадағалау саласында қойылатын талаптарға сәйкестігі туралы қорытындының бірыңғай нысанын бекіту;

5) лицензиялау жүйесін жетілдіру мақсатында ведомствоаралық отырыстар өткізу жатады.

8-бап. Лицензиарлардың құзыреті

1. Лицензиарлар немесе тиісті салалардағы уәкілетті мемлекеттік органдар өз қ ұ з ы р е т і ш е г і н д е :

1) лицензиялау ережелерінің және лицензиялануға тиіс жекелеген қызмет түрлеріне қойылатын біліктілік талаптарының жобаларын әзірлеуді, лицензиялау ережелерін және осы Заңның 32, 43-баптарында көзделген қызмет түрлеріне қойылатын біліктілік талаптарын бекітуді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларды қоспағанда, қажет болған жағдайда біліктілік талаптарына сәйкестікті бағалау ө л ш е м д е р і н ә з і р л е у д і ;

2) л и ц е н з и я л а у д ы ;

3) л и ц е н з и я л ы қ б а қ ы л а у д ы ;

4) лицензиялар тізілімін жүргізуді;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғауды;

б) қоршаған ортаны қорғау, ядролық, радиациялық, өнеркәсіптік, өрт қауіпсіздігі және мемлекеттік энергетикалық қадағалау, санитарлық-эпидемиологиялық қызмет саласындағы органдардан өтініш берушінің қойылатын талаптарға сәйкестігін сұратуды жүзеге асырады.

2. Лицензиарлар немесе тиісті салалардағы уәкілетті мемлекеттік органдар өз құзыреті шегінде республикалық маңызы бар бұқаралық ақпарат құралдарында лицензия алуға өтініш беру ережелері мен рәсімдерін, лицензиялау талаптарына жататын тауарлардың тізбелерін, сондай-ақ өзгерістерді, толықтыруларды және ережелер, рәсімдер, тауарлар тізбелері күшінің жойылуы туралы жариялауға міндетті. Жариялау ереже, рәсімдер және тауарлар тізбесі күшіне енгеннен 21 күн бұрын жүзеге асырылады.

9-бап. Лицензиялардың түрлері мен қолданылуы

Лицензиялар мынадай белгілері бойынша ажыратылады:

1. Қызмет түрлері бойынша:

1) қауіптілігі жоғары объектілерге байланысты;

2) аса маңызды мемлекеттік маңызы бар;

3) жеке кәсіпкерлік.

2. Субъектілер бойынша:

1) Қазақстан Республикасының жеке және заңды тұлғаларына берілетіндер;

2) шетелдік заңды тұлғаларға, шетелдік азаматтарға, азаматтығы жоқ тұлғалар мен халықаралық ұйымдарға берілетіндер.

3. Қызмет көлемі бойынша:

1) бас - қолданылу мерзіміне шек қойылмай жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығына берілетіндер;

2) бір жолғы - рұқсат етілген мерзім, көлем, салмақ немесе мөлшер (заттай не ақшалай түрде), сондай-ақ резиденттер резидент еместерге 180 күннен астам мерзімге берген коммерциялық кредиттер бойынша резиденттер мен резидент еместер арасындағы төлемдер үшін Қазақстан Республикасының валюталық заңнамасында айқындалған мерзім шегінде белгілі бір шаруашылық операциясын жасау құқығына берілетіндер;

3) операциялық - банк қызметінде белгілі бір операциялар, сақтандыру қызметінде сыныптарға жіктеу (сақтандыру сыныптары) мен валюталық операциялар жасау құқығына берілетіндер.

4. Аумақтық қолданысы бойынша:

1) қолданысы Қазақстан Республикасының белгілі бір аумағымен шектелетіндер.

Қандай да бір қызмет түрін жүзеге асыру жылжымайтын нақты объектілерді

пайдалануға тікелей байланысты және тек соған тәуелді болған жағдайда лицензияның қолданылуы Қазақстан Республикасының белгілі бір аумағымен шектеледі.

Валюталық реттеу және валюталық қадағалау саласындағы лицензияның Қазақстан Республикасының аумағы бойынша қолданылу ерекшеліктері Қазақстан Республикасының валюталық заңнамасында айқындалады;

2) қолданысы Қазақстан Республикасының бүкіл аумағына таралатындар;

3) қолданысы Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге таратылатындар.

9-баптың 4-тармағының 1), 3) тармақшаларында көзделген жағдайларды қоспағанда, лицензияның қолданылуы Қазақстан Республикасының бүкіл аумағына таралады.

Лицензияның қолданылуына аумақтық шектеу қойылған жағдайларда заңды тұлғаның Қазақстан Республикасының шектеулі аумағынан тыс орналасқан филиалдарының жұмыс істеуін жүзеге асыру үшін осы Заңда белгіленген тәртіппен лицензияға қосымшалар беріледі.

10-бап. Лицензиялардың нысандары

Лицензияның және оған қосымшаның бірыңғай біріздендірілген нысанын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

Лицензияға қосымшалар лицензияның ажырамас бөлігі болып табылады.

Осы Заңның 32, 43-баптарында көзделген қаржы ресурстарын шоғырландыруға және валюталық құндылықтарды пайдалануға байланысты қызмет пен валюталық операцияларды жүзеге асыруға арналған лицензиялардың нысандарын қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган және (немесе) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі белгілейді.

11-бап. Шетелдік заңды тұлғаларға, шетелдік азаматтарға, азаматтығы жоқ тұлғалар мен халықаралық ұйымдарға берілетін лицензиялар

Егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде өзгеше көзделмесе, шетелдік заңды тұлғалар, шетелдік азаматтар, азаматтығы жоқ тұлғалар, сондай-ақ халықаралық ұйымдар лицензияны Қазақстан Республикасының заңды және жеке тұлғаларына қойылатын шарттар бойынша және нақ сондай тәртіппен алады.

12-бап. Лицензиялау салалары

М ы н а д а й :

- 1) өнеркәсіп;
- 2) атом энергиясын пайдалану саласында;
- 3) ұлы заттар айналымы;
- 4) есірткі құралдары, психотроптық заттар, прекурсорлар айналымы;
- 5) ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету;
- 6) қару-жарақ, әскери техника және жекелеген қару түрлері айналымы;
- 7) ғарыш кеңістігін пайдалану;
- 8) білім беру;
- 9) бұқаралық ақпарат құралдары;

10) ауыл және орман шаруашылығы, жерге орналастыру, геодезия және картография ;

11) қоршаған ортаны қорғау;

12) денсаулық сақтау;

13) ветеринария ;

14) көлік ;

15) қаржы және қаржы ресурстарын шоғырландыруға байланысты қызмет;

16) сәулет, қала құрылысы және құрылыс;

17) Қазақстан Республикасының мемлекеттік нышандарын дайындау;

18) кеден ісі ;

19) этил спирті мен алкоголь өнімдерін, темекі бұйымдарын өндіру және олардың айналымы ;

20) ақпараттандыру және байланыс;

21) мәдениет ;

22) жеке және заңды тұлғаларға қызмет көрсету;

23) сот-сараптама ;

24) техникалық қауіпсіздік;

25) валюталық операциялар және валюталық құндылықтарды пайдалануға байланысты қызмет салаларындағы жекелеген қызмет түрлері лицензиялануға тиіс.

3-тарау. Қауіптілігі жоғары объектілерге байланысты қызмет түрлерін лицензиялау

13-бап. Өнеркәсіп саласындағы қызметті лицензиялау

Мынадай қызмет түрлерімен айналысу үшін лицензияның болуы талап етіледі:

1. Электр және жылу энергиясын өндіру, беру және тарату, электр станцияларын, электр желілері мен кіші станцияларын жобалау және пайдалану.

Бұл қызмет түрі мынадай кіші түрлерді қамтиды:

1) электр энергиясын шығару;

2) электр станцияларын, электр желілері мен кіші станцияларын, оның ішінде: кез келген үлгідегі агрегаттары бар органикалық отын пайдаланылатын жылу электр станцияларын ;

су электр станцияларын және олардың гидротехникалық құрылыстарын; атом электр станцияларын ;

электр тарату желілерін, электр энергиясын берудің әуедегі, кабельді желілерін; трансформаторлық кіші станцияларды, тарату құрылғыларын, релелік қорғауды және автоматиканы пайдалану (қолдану, техникалық қызмет көрсету және жөндеу, алдың ала тексеру, жұмысқа әзірлікте ұстау, технологиялық жабдықтың техникалық жай - күйін бақылау) ;

3) елді мекендерді жылумен жабдықтау үшін жылу энергиясын шығару:

бу қазандарын, жұмыс қысымы $0,7 \text{ кг/см}^2$ -ден астам буды автономды қайта жылытқыштар мен экономайзерлерді, температурасы 115C^0 -ден жоғары су жылыту қазандары мен автономды экономайзерлерді және қысыммен жұмыс істейтін құбырларды, оның ішінде:

бу (бойлер-қазандар), кәдеге асыру қазандарын; буды қайта жылытқыштар мен экономайзерлерді; қысыммен жұмыс істейтін су жылытатын және бу мен су жылытатын қазандарды; жоғары температурамен және органикалық жылу тасымалдағыштармен жұмыс істейтін бу және сұйықтық қазандарын;

бу және ыстық су құбырларын; қазандарға отын тасымалдайтын құбырларды пайдалану (қолдану, техникалық қызмет көрсету және жөндеу, алдын ала тексеру, жұмысқа әзірлікте ұстау, техникалық жай-күйін бақылау).

2. Тау-кен, мұнай-химия, химия, мұнай-газ өңдеу өндірістерін және газ, мұнай мен мұнай өнімдерін сақтау объектілерін, магистральды газ құбырларын, мұнай құбырларын, мұнай өнімдері құбырларын жобалау және пайдалану, мұнай мен газды бұрғылау жұмыстары.

Бұл қызмет түрі мынадай кіші түрлерді қамтиды:

1) мұнай-газ өңдеу, мұнай-химия, химия өндірістерін (технологиялық жабдықты пайдалануды қоса алғанда) және газ, мұнай мен мұнай өнімдерін сақтау объектілерін жобалау (технологиялық) және пайдалану;

2) мұнай өнімдерін: мұнайды бастапқы және терең өңдеу өнімдерін өндіру; октандық санды арттыру мақсатында компаундирлеу, тауарлық бензиндерге телімдер, қоспалар мен компоненттер енгізу;

белгіленген сападағы бензин алу мақсатында компаундирлеу, кондициялық емес мұнай өнімдеріне телімдер, қоспалар мен компоненттер енгізу; дизель отынына, мазутқа телімдер мен қоспалар енгізу; мұнай майларына телімдер енгізу;

3) құрамында мұнай бар қалдықтарды қайта өңдеу, газ тәріздес шығарындыларды кәдеге жарату;

4) тез тұтанатын және жанғыш сұйықтықтарды қабылдау, ағызу, құю, сақтау, босату (мұнай базалары, мұнай құю эстакадалары, автомай құю станциялары);

5) сұйытылған және жанғыш газдарды қабылдау, ағызу, құю, сақтау, босату (газ толтыру станциялары мен пункттері, автоцистерналар, автогаз құю станциялары, автогаз толтыру станциялары, аралық баллон жинау пункттері (БЖП));

6) шикізат, жартылай өнімдер;

7) негізгі органикалық синтез, каучук, шина, резеңке-техникалық, сланец өңдейтін

өнеркәсіп және техникалық көміртек;

8) химиялық талшықтар, полимерлік материалдар мен пластмасса;

9) синтетикалық бояулар, химикат-қоспалар және басқа да биязы органикалық синтез өнімдері;

10) лак-бояу өнімдері, скипидар;

11) хлор, аммиак алу, өңдеу қоймалары;

12) тау-кен өндірістерін жобалау және пайдалану, мұнай мен газды бұрғылау жұмыстары;

13) тау-кен өндірістерін жобалау және пайдалану (пайдалы қазбаларды өндіруді жобалау және өндіру (кең таралған пайдалы қазбаларды қоспағанда):

бас жоспарды әзірлеу, жергілікті жобаларды қоса алғанда, тау-кен жұмыстары жөніндегі техникалық жобаларды әзірлеу;

кен орнын өнеркәсіптік игеру: ашық және жер асты тәсілдермен көмір, рудалық, руда емес орындарды ашу және игеру;

тау-кен күрделі, тау-кен дайындық, тау-кен тілу, тазарту жұмыстары;

технологиялық жұмыстарды жүргізу;

шпурлар мен ұңғымаларды бұрғылау;

жарылыс жұмыстарын дайындау және жасау; тау-кен массасын экскавациялау;

үздіксіз жұмыс істейтін машиналармен тау-кен массасын ойып алу;

тау-кен массасын скреперлермен, өздігінен жүретін жабдықпен, конвейерлік көлікпен шығару және жеткізу;

тау-кен массасын автосамосвалдармен, темір жол көлігімен, конвейерлік, тиеу-жеткізу, өздігінен жүретін жабдықпен тасымалдау;

тау-кен шығарындыларын қорғандау, су төгу, желдету, бекіту;

технологиялық жабдықты (түйіндерді, бөлшектерді, жекелеген элементтерді) пайдалану, дайындау, монтаждау және жөндеу;

14) залалды кеніштер мен шахталарды жабу жөніндегі тарату жұмыстары: оқпандарды жабу тау-кен жабдықтарын бөлшектеу, далдаларды тұрғызу ғимараттар мен құрылыстарды бұзу, үстіңгі кешенді бөлшектеу, үстіңгі қабатты қалпына келтіру;

15) тау-кен өндірістерін жобалау және пайдалану, мұнай мен газды бұрғылау жұмыстары (мұнай мен газ өндіруді жобалау және өндіру);

жобаларды және мұнай-газ кен орындарын игеруге арналған технологиялық элементтерді жасау;

жобалардың техника-экономикалық негіздемесін жасау;

мұнай, газ ұңғымаларындағы каротаж жұмыстары;

мұнай, газ ұңғымаларындағы атқылау-жару жұмыстары;

барлау және пайдалану ұңғымаларында жүргізілетін мұнай операцияларының сапасын бақылау;

бұрғылау, соның ішінде жүзбелі бұрғылау қондырғыларын, мұнай-газ кәсіпшілігі, геологиялық барлау және геофизикалық жабдықты, сондай-ақ мұнай-газ теңіз гидротехникалық құрылыстарын пайдалану;

мұнай, газ және су ұңғымаларын, соның ішінде теңізде және ішкі су айдындарында б ұ р ғ ы л а у ;

ұңғымаларды жер астында және күрделі жөндеу; жабдықтар мен агрегаттарды бөлшектеу; ұңғымалар көтергішін орнату;

ұңғымаларды жөндеуден кейін сынау; аспапты жинақтау;

ұңғымаларды жуу, цементтеу, сынап көру және игеру;

мұнай, газ, мұнай-газ конденсатын өндіру, ұңғымаларды консервациялау;

мұнай қабаттарының мұнай беруін арттыру және ұңғымалардың өнімділігін ұлғайту ;

мыналарды: құрлықта және теңізде мұнайдың төгілуін, ұңғымалардың өздігінен атқылауын, мұнай және газ шығарындыларын (бұрқаққа қарсы жұмыстарды қоспағанда) болдырмау және жою жөніндегі жұмыстар;

технологиялық жабдықты (түйіндерді, белшектерді, жекелеген элементтерді) дайындау, монтаждау және жөндеу;

16) магистральды газ құбырларын, мұнай құбырларын, мұнай өнімдері құбырларын ж о б а л а у және п а й д а л а н у :

магистральды газ, мұнай өнімдері құбырларын жобалау және пайдалану;

сорғы-сығымдаушы станциялардың жабдықтарын, қондырғыларын, магистральды газ, мұнай өнімдері құбырларының резервуарлық парктері мен желілік бөліктерін, сондай-ақ жер асты газ қоймаларының технологиялық жабдықтары мен ұңғымаларын п а й д а л а н у ;

магистральды құбырларға, негізгі және қосалқы жабдыққа техникалық қызмет көрсету, оларды күрделі және ағымдағы жөндеу (қосылған жіктердің, қосылыстар мен бекітпелердің техникалық жай- күйін профилактикалық тексеру, қарау, бақылау, ж а й - к ү й і н ің д и а г н о с т и к а с ы);

сорғы-сығымдаушы станциялар жабдықтарының және магистральды құбырлардың желілік бөліктерінің, соның ішінде су асты өткелдерінің диагностикасы; коррозиядан қорғаудың электр-химиялық құралдарына техникалық қызмет көрсету;

магистральды газ, мұнай өнімдері құбырларын жобалау;

технологиялық жабдықты (түйіндерді, бөлшектерді, жекелеген элементтерді) д а й ы н д а у .

3. Минералдық шикізатты қайта өңдеу (кеңінен таралған пайдалы қазбаларды қайта өңдеуді қ о с п а ғ а н д а) .

Бұл қызмет түрі мынадай кіші түрлерді қамтиды: пайдалы қазбаларды өңдеудің физикалық, физика-химиялық, химиялық,

металлургиялық (пирометаллургия, күйдіру, гидрометаллургия, тесу) тәсілдері және тау-кен, байыту, металлургиялық және басқа да өнеркәсіптік өндірістердің құрамында пайдалы қазбасы бар қалдықтарын қайта өңдеу;

кокс, шойын, болат (болат пен темірді, люнгериттерді, модификаторларды және экзотермикалық қоспаларды, балқымаларды, ыстық және суық илекті тікелей алуды қоса алғанда), құю өндірісі;

технологиялық жабдықты (түйіндерді, бөлшектерді, жекелеген элементтерді) пайдалану, дайындау, монтаждау және жөндеу;

қалыптасатын қалдықтарды (шлактарды, шөгінділерді, байыту қалдықтарын) тасымалдау, қоймада сақтау, сақтау.

4. Тұрғын үй және коммуналдық-тұрмыс объектілерін газдандыру жүйесін пайдалану, жөндеу және салу.

Бұл қызмет түрі мынадай кіші түрлерді қамтиды:

газбен жабдықтау жүйелерін пайдалану, оған техникалық қызмет көрсету және жөндеу (газ тарату пункттері, газ тарату қондырғылары, жоғары, орташа және төмен қысымды газ тарату желілері, үйішілік газ желілері мен жабдықты пайдалану және жөндеу) :

газ құбырларының жаңадан салынған учаскелерін қолданыстағы желілерге қосу (орнату) ;

газбен жабдықтаудың сырттағы жүйелері мен олардағы құрылыстарға, сондай-ақ үйішілік газ желілері мен приборларға газды бастапқы және қайталама беру газ құбырлары мен олардағы құрылыстар трассаларын тексеру және күтіп ұстау;

желілер мен олардағы құрылыстар (қосылған жіктер, қосылыстар, бекітпелер), жабдық пен агрегаттар жай-күйінің диагностикасы және желілер мен приборларды бақылау үшін прөстеу ;

жер асты газ құбырлары мен олардағы құрылыстарды электр- механикалық коррозиядан қорғау ;

газ желілері мен олардағы құрылыстардағы авариялық жағдайларды оқшаулау және жою ;

газ құбырлары мен олардағы құрылыстардағы сенімсіз учаскелерді күрделі жөндеу және ауыстыру ;

желілер мен олардағы құрылыстарды жоспарлы-алдын ала және ағымдағы жөндеу;

тұтынушыларға газ шығынын жедел есепке алу авариялық өтінімдерді орындау;

газ есептегіштерді монтаждау және бөлшектеу тұрмыстық газ приборларын монтаждау және бөлшектеу.

14-бап. Атом энергиясын пайдалану саласындағы қызметті лицензиялау

Мынадай қызмет түрлері үшін лицензияның болуы талап етіледі:

1. Құрамында радиоактивті заттар бар пайдалы қазбаларды өндіру, өңдеу және байыту объектілерін қоса алғанда, атом энергиясын пайдалану объектілерін

орналастыру, жобалау, салу қолданысқа енгізу, пайдалану және қолданыстан шығару.

Бұл қызмет түрі мынадай кіші түрлерді қамтиды:

1) атом энергиясын пайдалану объектілерін жобалау (атом энергиясын пайдалану объектілерін, олардың бөліктерін, блоктарын, жүйелерін, құрастырмаларын салу үшін қажетті техника-экономикалық негіздемені, есептерді, сызбаларды, макеттерді, сметаны, түсіндірме жазбаны қамтитын кешенді техникалық, конструкторлық және технологиялық құжаттаманы әзірлеу);

2) атом энергиясын пайдалану объектілерін (бүкіл кешенді, жекелеген ғимараттарды, бөліктерді, блоктарды, жүйелерді, құрастырмаларды, қосалқы үй-жайларды) салу;

3) атом энергиясын пайдалану объектілерін орналастыру;

4) атом энергиясын пайдалану объектілерін (бүкіл кешенді, жекелеген ғимараттарды, бөліктерді, блоктарды, жүйелерді, құрастырмаларды, қосалқы үй-жайларды) қолданысқа енгізу;

5) атом энергиясын пайдалану объектілерін (бүкіл кешенді, жекелеген ғимараттарды, бөліктерді, блоктарды, жүйелерді, құрастырмаларды, қосалқы үй-жайларды) пайдалану;

6) атом энергиясын пайдалану объектілерін (бүкіл кешенді, жекелеген ғимараттарды, бөліктерді, блоктарды, жүйелерді, құрастырмаларды, қосалқы үй-жайларды) қолданыстан шығару.

2. Ядролық материалдармен, иондаушы сәуле шығару көздерімен және радиоактивті заттармен (медициналық мақсаттағы рентген-диагностикалық қондырғылардан басқа) жұмыс істеу.

Бұл қызмет түрі мынадай кіші түрлерді қамтиды:

1) ядролық материалдар мен радиоактивті заттарды дайындау, өндіру, сақтау және қайта өңдеу;

2) ядролық материалдарды, радиоактивті заттар мен иондаушы сәуле шығару көздерін, соның ішінде құрамында осындай иондар бар немесе иондаушы сәуле шығаруды генерациялайтын приборлар мен қондырғыларды пайдалану және орналастыру;

3) иондаушы сәуле шығару көздерін, соның ішінде құрамында осындай иондар бар немесе иондаушы сәуле шығаруды генерациялайтын приборлар мен қондырғыларды құрастыру, дайындау, өндіру.

3. Рентгендік, соның ішінде медициналық жабдықты әзірлеу, өндіру, сату және пайдалану.

4. Атом энергиясын пайдалану саласында қызметтер көрсету.

Бұл қызмет түрі мынадай кіші түрлерді қамтиды:

1) медициналықты қоса алғанда, құрамында иондаушы сәуле шығарудың радиоизотоптық көздері бар немесе иондаушы сәуле шығаруды генерациялайтын

приборлар мен қондырғыларға техникалық қызмет көрсету, оларды монтаждау, бөлшектеу, зарядтау, қайта зарядтау, жөндеу;

2) иондаушы сәуле шығару көздерінің, сондай-ақ құрамында осындай көздер бар немесе иондаушы сәуле шығаруды генерациялайтын приборлардың, жабдықтың, қондырғылардың жұмыс сапасын бақылау;

3) радиациялық немесе ядролық қауіпсіздікті негіздеуге жобаларды, технологияларды, ғылыми-техникалық құжаттаманы әзірлеу, радиациялық немесе ядролық қауіпсіздікке сараптама, талдау және бағалау жүргізу.

5. Техникалық құжаттаманы әзірлеу, ядролық материалдарға, иондаушы сәуле шығару көздеріне, радиоактивті материалдар мен радиоактивті қалдықтарға арналған көліктік контейнерлерді, орау жиынтықтары мен материалдарын, құралдарды, контейнерлерді құрастыру, дайындау, өндіру.

6. Радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу.

Бұл қызмет түрі мынадай кіші түрлерді қамтиды:

1) радиоактивті қалдықтарды жинау және сорттау;

2) үй-жайларды, жабдық пен материалдарды залалсыздандыру (радиоактивті л а с т а н у д а н т а з а р т у) ;

3) радиоактивті қалдықтарды тасымалдау;

4) радиоактивті қалдықтарды қайта өңдеу;

5) радиоактивті қалдықтарды сақтау және көму.

7. Техникалық реттеу жүйесінде аккредиттелген сынақ зертханаларының қызметін қоспағанда, радиациялық бақылау және радиоэкологиялық зерттеулер.

Бұл қызмет түрі мынадай кіші түрлерді қамтиды:

1) аумақтарды, үй-жайларды, жұмыс орындарын, тауарларды, материалдарды, металл сынықтарын, көлік құралдарын радиациялық бақылау;

2) тамақ өнімдеріндегі, материалдардағы, қоршаған орта объектілеріндегі радионуклидтер құрамын айқындау, радонның және басқа да радиоактивті газдардың ш о ғ ы р л а н у ы н ө л ш е у ;

3) аумақтарды гаммалық суретке түсіру және басқа да радиометрикалық зерттеулер;

4) персоналды, халықты дозиметрикалық жеке бақылау;

5) аумақтар мен объектілерді радиациялық оңалту және қопсыту.

8. Транзиттікті қоса алғанда, ядролық материалдарды, радиоактивті заттарды, иондаушы сәуле шығарудың радиоизотоптық көздерін, радиоактивті қалдықтарды Қазақстан Республикасы аумағының шегінде тасымалдау.

9. Иондаушы сәуле шығару көздерінің, ядролық материалдардың, технологиялар мен жабдықтың, ядролық емес арнайы материалдардың, сондай-ақ қосарлы мақсаттағы материалдардың, технологиялар мен жабдықтың экспорты және импорты.

10. Ядролық материалдарды, иондаушы сәуле шығару көздерін және радиоактивті

з а т т а р д ы

с а т у .

Бұл қызмет түрі мынадай кіші түрлерді қамтиды:

1) иондаушы сәуле шығарудың радиоизотопты көздерін, құрамында осындай көздер бар немесе иондаушы сәуле шығаруды генерациялайтын приборлар мен жабдықты сату ;

2) радио-фармациялық препараттарды қоса алғанда, ядролық материалдарды және радиоактивті заттарды сату ;

3) құрамындағы иондаушы сәуле шығару көздері мен радиоактивті заттардың саны алып қою деңгейінен жоғары приборлар мен жабдықты сату.

11. Ядролық жарылыстар жүргізілген жерлердегі қызмет.

Бұл қызмет түрі мынадай кіші түрлерді қамтиды:

1) пайдалы қазбаларды іздеу, барлау, өндіру, өңдеу;

2) геологиялық іздеу, геофизикалық, гидрогеологиялық, инженерлік-геологиялық, сейсмикалық барлау, геоэкологиялық жұмыстар;

3) радиоэкологиялық мониторинг және зерттеулер;

4) ластанған аумақтардағы басқа да шаруашылық қызмет.

12. Ядролық қондырғылар мен ядролық материалдарды физикалық қорғау.

Бұл қызмет түрі мынадай кіші түрлерді қамтиды:

1) атом энергиясын пайдалану объектілерін физикалық қорғау жүйелерін жобалау, монтаждау, қолданысқа енгізу, пайдалану, қызмет көрсету жөндеу және ретке келтіру;

2) атом энергиясын пайдалану объектілері үшін жобалық қауіпті әзірлеу жөнінде қызметтер көрсету ;

3) ядролық қондырғыларды және ядролық немесе басқа радиоактивті материалдары бар объектілер мен көлік құралдарын қоса алғанда, атом энергиясын пайдалану объектілерінің физикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

4) ядролық және басқа радиоактивті материалдарды Қазақстан Республикасының аумағы бойынша тасымалдаған кезде физикалық қорғауды қамтамасыз ету.

13. Мамандар мен персоналды арнайы даярлау және қайта даярлау.

Бұл қызмет түрі мынадай кіші түрлерді қамтиды:

1) атом энергиясын пайдалану объектілеріндегі жұмыс үшін;

2) өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, ветеринария, медицина, ғылым үшін радиациялық қауіпсіздік бойынша;

3) дозиметрия және радиометрия бойынша;

4) рентгенографияны, радиографияны және басқа да ядролық-физикалық әдістерді қоса алғанда, иондаушы сәуле шығару көздерін пайдалана отырып бақылаудың зиян келтірмейтін әдістері бойынша.

15-бап. Улы заттар айналымы саласындағы қызметті лицензиялау

Мынадай қызмет түрлерімен айналысу үшін лицензияның болуы талап етіледі:

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен тізбе бойынша уларды өндіру,

өңдеу, тасымалдау, сатып алу, сақтау, сату, пайдалану, жою.

2. Тіркеу, өндіру сынақтары мен ғылыми зерттеулерге арналған тәжірибелік нұсқаларды қоспағанда, пестицидтерді (улы химикаттарды) өндіру (формуляция), сату, қолдану, сондай-ақ пестицидтерді (улы химикаттарды) және оларды өндіруге арналған негізгі құрамдауыштарды әкелу жөніндегі қызмет.

16-бап. Техникалық қауіпсіздік саласындағы қызметті лицензиялау

Мынадай қызмет түрлерімен айналысу үшін лицензияның болуы талап етіледі:

1. Күзет белгісін беру құралдарын жобалау, монтаждау, ретке келтіру және оларға техникалық қызмет көрсету.

2. Өрт белгісін беруді және өртке қарсы автоматиканы жобалау.

17-бап. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы қызметті лицензиялау

Шаруашылық қызметтің экологиялық қауіпті түрлерімен айналысу үшін лицензияның болуы талап етіледі.

Бұл қызмет түрі мынадай кіші түрлерді қамтиды:

1) жерді пайдалану:

токсикологиялық, радиоактивті және басқа да қауіпті зиянды заттармен ластанған жерді техникалық қосыту;

2) өндіріс қалдықтарын өңдеу, сақтау және жою:

өндірістің қауіптілігі 1-2 сыныптағы қауіпті қалдықтарын өртеу, химиялық өңдеу, сақтау және көму, Қазақстан Республикасының Қауіпті қалдықтарды шекарааралық тасымалдауды және оларды аулаққа шығаруды бақылау туралы Базель конвенциясы бойынша міндеттемелерін орындауға байланысты трансшекаралық тасымалдау;

3) озонды бүлдіретін заттар пайдаланылатын өндіріс, сондай-ақ құрамында озонды бүлдіретін заттар бар жабдықтарды жөндеу, монтаждау, оларға қызмет көрсету;

4) озонды бүлдіретін заттарды және олар құрамында бар өнімдерді Қазақстан Республикасына әкелу және Қазақстан Республикасынан әкету.

18-бап. Көлік саласындағы қызметті лицензиялау

Қауіпті жүктерді темір жол, теңіз, өзен, автомобиль көлігімен тасымалдау үшін лицензияның болуы талап етіледі.

4-тарау. Аса маңызды мемлекеттік мәні бар қызмет түрлерін лицензиялау

19-бап. Есірткі құралдарының, психотроптық заттардың, прекурсорлардың айналымы саласындағы қызметті лицензиялау

Есірткі құралдарының, психотроптық заттардың және прекурсорлардың айналымы саласындағы қызметпен айналысу үшін лицензияның болуы талап етіледі.

Бұл қызмет түрі мынадай кіші түрлерді қамтиды:

1) есірткі құралдарын, психотроптық заттар мен прекурсорларды әзірлеу, өндіру, өңдеу, тасымалдау, жөнелту, сатып алу, сақтау, тарату, өткізу, пайдалану, жою;

2) құрамында есірткі құралдары және психотроптық заттар бар өсімдіктер мен

шөптерді өсіру, жинау, дайындау;

3) есірткі құралдарын, психотроптық заттар мен прекурсорларды денсаулық сақтау жүйесінде өндіру, тасымалдау, сатып алу, сақтау, тарату, өткізу, пайдалану, жою.

20-бап. Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы қызметті лицензиялау

Мынадай қызмет түрлерімен айналысу үшін лицензияның болуы талап етіледі:

1. Мемлекеттік құпияларды техникалық қорғау жөніндегі барлық қызмет түрлері: мемлекеттік құпияларды қорғаудың техникалық құралдарын әзірлеу, өндіру, жөндеу және оларға сервистік қызмет көрсету; мемлекеттік құпияларды қорғаудың техникалық құралдарын монтаждау, орнату, оларға қызмет көрсету, қорғалу тиімділігін тексеру, мемлекеттік құпияларды қамтитын мәліметтердің жасырын таралуының техникалық арналарын іздеу.

2. Ақпаратты криптографиялық қорғау құралдарын әзірлеу және өткізу (соның ішінде өзге де беру).

Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы қызметті лицензиялаған кезде Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін ережеде лицензия берудің арнайы шарттары, тәртібі, мерзімі, сондай-ақ тексеру жүргізу мен есептіліктің арнайы мерзімдері белгіленуі мүмкін.

21-бап. Қару-жарак, әскери техника және жекелеген қару түрлері айналымы саласындағы қызметті лицензиялау

Мынадай қызмет түрлерімен айналысу үшін лицензияның болуы талап етіледі:

1. Арнайы техникалық құралдарды әзірлеуге, өндіруге, жөндеуге және өткізуге байланысты қызмет.

2. Жарылғыш материалдарды, пиротехникалық заттар мен оларды пайдаланумен жасалған бұйымдарды әзірлеу, өндіру және сату.

3. Босатылатын әскери-техникалық құралдарды жою (құрту, кәдеге жарату, көму) және қайта өңдеу.

4. Азаматтық және қызметтік атыс қаруы мен оның патрондарын, жауынгерлік қол атыс қаруы мен оның патрондарын, суық қаруды, сондай-ақ газ қаруы мен оның патрондарын әзірлеу, өндіру, жөндеу, сату, сатып алу, коллекциялау, экспонаттау.

5. Азаматтық пиротехникалық заттар мен оларды қолданумен жасалған бұйымдарды әзірлеу, өндіру, сату, сатып алу, экспонаттау.

22-бап. Ғарыш кеңістігін пайдалану саласындағы қызметті лицензиялау

Зымыран-ғарыш техникасын жасауды, өндіруді, пайдалануды, жөндеуді және жаңғыртуды, оның жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін жер үсті инфрақұрылымдарын (полигонды, командалық-өлшеу кешенін, қабырғалық базаны және басқаларын) пайдалануды қоса алғанда, ғарыш кеңістігін пайдалануға байланысты барлық қызмет түрлерімен айналысу үшін лицензияның болуы талап етіледі.

23-бап. Білім беру саласындағы қызметті лицензиялау

Білім беру қызметімен айналысу үшін лицензияның болуы талап етіледі.

Бұл қызмет түрі мынадай кіші түрлерді қамтиды:
мектепке дейінгі және мектептен тыс ұйымдар;

мамандандырылған және арнайы білім беру бағдарламаларын іске асыратын заңды тұлғалар;

жалпы бастауыш, жалпы негізгі немесе жалпы орта, кәсіптік бастауыш, соның ішінде кәсіптер бойынша, кәсіптік орта, кәсіптік жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік, соның ішінде мамандықтар бойынша білім берудің негізгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын заңды тұлғалар;

діни білім беру бағдарламаларын іске асыратын заңды тұлғалар;
халықаралық және шетелдік заңды тұлғалар.

24-бап. Бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы қызметті лицензиялау

Телевизиялық және (немесе) радио хабарларын таратуды ұйымдастыру жөніндегі қызметпен айналысу үшін лицензияның болуы талап етіледі.

25-бап. Ауыл және орман шаруашылығы, жерге орналастыру геодезия және картография саласындағы қызметті лицензиялау

Мынадай қызмет түрлерімен айналысу үшін лицензияның болуы талап етіледі:

1. Мемлекеттік орман қорының учаскелерінде орман пайдаланушылар жүзеге асыратын сүрек дайындау және бөрене тілу жөнінде қызметтер көрсету.

2. Арнайы су пайдалану.

Бұл қызмет түрі мынадай кіші түрлерді қамтиды:

1) ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп, энергетика, балық өсіру мұқтаждары үшін жер үсті су объектілерінен тәулігіне елу текше метрден жоғары көлемде су алу және пайдалану;

2) жер үсті су объектілерінен кейінгі су пайдаланушыға су алу және беру.

3. Мемлекеттік мақсаттағы топография-геодезиялық және картографиялық жұмыстар өндірісі:

Бұл қызмет түрі мынадай кіші түрлерді қамтиды:

1) топография-геодезиялық жұмыстар өндірісі;

2) картографиялық жұмыстар өндірісі.

26-бап. Денсаулық сақтау саласындағы қызметті лицензиялау

Мынадай қызмет түрлерімен айналысу үшін лицензияның болуы талап етіледі:

1. Медициналық, дәрігерлік қызмет.

Бұл қызмет түрі мынадай кіші түрлерді қамтиды:

1) бастапқы (дәрігерге дейінгі) медициналық-санитарлық көмек;

2) жедел медициналық көмек;

диагностика;

3) зертханалық диагностика;

бактериологиялық зерттеулер;
биохимиялық зерттеулер;
иммунологиялық зерттеулер;

адамның иммунитет тапшылығының вирусын зертханалық диагностикалау (А Қ Т Қ - д и а г н о с т и к а) ;

жалпы клиникалық зерттеулер;
серологиялық зерттеулер;
цитологиялық зерттеулер.

- 4) дерттану анатомиясы;
- 5) радиологиялық диагностика;
- 6) рентгенологиялық диагностика;
- 7) ультрадыбыстық диагностика;
- 8) функционалдық диагностика;
- 9) эндоскопиялық диагностика;

ересектерге және/немесе балаларға мамандықтар бойынша амбулаториялық-емханалық және/немесе тұрақты медициналық көмек:

10) акушерлік және гинекология (ұрпақты болудың қосалқы технологиясын қоса а л ғ а н д а) ;

- 11) аллергология және иммунология;
- 12) анестезиология және реаниматология;
 - 13) андрология;
 - 14) валеология;
 - 15) гематология;
- 16) гипербариялық оттеппен емдеу;
 - 17) дерматовенерология;
 - 18) дерматокосметология;
 - 19) емдемтану;
- 20) жұқпалы аурулар;
 - 21) массаж;
 - 22) наркологиия;
 - 23) невропатология;
 - 24) неонатология;
- 25) жалпы дәрігерлік практика, отбасылық дәрігер;
 - 26) онкология, маммология;
 - 27) оториноларингология;
 - 28) офтальмология;
 - 29) педиатрия;
 - 30) психиатрия;
- 31) психотерапия, медициналық психология;

- 32) радиология;
- 33) сексопатология;
- 34) спорттық медицина және емдік дене шынықтыру;
- 35) стоматология:
 - терапиялық;
 - хирургиялық;
 - ортопедиялық;
 - ортодонттық;
- 36) терапия:
 - жалпы;
 - гастроэнтерология;
 - кардиология;
 - нефрология;
 - профпатология;
 - пульмонология;
 - ревматология;
- 37) травматология, ортопедия және камбустиология;
- 38) токсикология;
- 39) трансплантология;
- 40) урология;
- 41) физиотерапия;
- 42) фтизиатрия;
- 43) хирургия:
 - абдоминальды;
 - ангиохирургия;
 - кардиохирургия;
 - микрохирургия;
 - нейрохирургия;
 - жалпы;
 - пластикалық;
 - торакальды;
 - эндоскопиялық;
- 44) эндокринология:
 - сараптамалық медициналық қызмет;
- 45) уақытша еңбекке жарамсыздық пен кәсіптік жарамдылық сараптамасы (профилактикалық және мерзімді медициналық тексеру);
- 46) психиатриялық, соның ішінде сот-психиатриялық, наркологиялық және сот-наркологиялық сараптама;
- 47) дәстүрлі емес медициналық қызмет;

халықтық медицина (емшілік), соның ішінде медициналық білімі жоқ тұлғалар үшін

;

г о м е о п а т и я ;

г и р у д о т е р а п и я ;

қ о л м е н е м д е у ;

р е ф л е к с а р қ ы л ы е м д е у ;

шөптермен емдеу және табиғи құралдармен емдеу;

48) с а н а т о р и й л і к е м д е у :

б а л ь н е о т е р а п и я ;

с у м е н е м д е у ;

парафиноозокериттік балшықпен емдеу;

49) қ а н д а й ы н д а у :

санитарлық-гигиеналық және індетке қарсы медициналық қызмет;

50) х а л ы қ т ы г и г и е н а ғ а ү й р е т у ;

51) с а н и т а р л ы қ - э п и д е м и о л о г и я л ы қ с а р а п т а м а ;

52) с а н и т а р л ы қ - г и г и е н а л ы қ ж әне з е р т х а н а л ы қ з е р т т е у л е р :

б а к т е р и о л о г и я л ы қ ;

в и р у с о л о г и я л ы қ ;

шуды, дірілді, электромагниттік өрістерді және басқа да физикалық факторларды ө л ш е у ;

п а р а з и т о л о г и я л ы қ ;

р а д и о м е т р и я ж әне д о з и м е т р и я ;

с а н и т а р л ы қ - х и м и я л ы қ ;

т о к с и к о л о г и я л ы қ .

2. Фармацевтикалық қызмет түрлері: дәрілік заттарды өндіру, көтерме және бөлшек сату.

27-бап. Жеке және заңды тұлғаларға қызмет көрсету саласындағы қызметті лицензиялау

Мынадай қызмет түрлерімен айналысу үшін лицензияның болуы талап етіледі:

1. Денсаулығының жай-күйіне қарай үнемі басқа біреулердің күтіміне және мемлекеттік емес медициналық-әлеуметтік ұйымдардағы медициналық қызметке мұқтаж жеке басты мүгедектерге, психоневрологиялық науқас мүгедектерге, мүгедек балаларға әлеуметтік қызмет көрсету.

2. А д в о к а т т ы қ қ ыз м е т .

3. Нотариаттық қызмет.

28-бап. Ветеринария саласындағы қызметті лицензиялау

Ветеринария саласындағы қызметпен айналысу үшін лицензияның болуы талап е т і л е д і .

Бұл қызмет түрі мынадай кіші түрлерді қамтиды:

ветеринариялық мақсаттағы препараттарды өндіру және өткізу;
ветеринариялық мақсаттарға арналған дәрілік заттарды, биологиялық
п р е п а р а т т а р д ы с а т у ;

жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатқа ветеринариялық-санитарлық
с а р а п т а м а жүргізу ;

ветеринариялық емдеу-профилактикалық қызмет.

29-бап. Ақпараттандыру және байланыс саласындағы қызметті лицензиялау

Электрондық цифрлық қолтаңбаның ашық кілтінің электрондық цифрлық қолтаңбаның жабық кілтіне сәйкестігін куәландыру жөніндегі, сондай-ақ тіркеу куәлігінің дұрыстығын растау жөніндегі қызметпен айналысу үшін лицензияның болуы талап етіледі.

30-бап. Сот-сараптама саласындағы қызметті лицензиялау

Сот-сараптама қызметімен айналысу үшін лицензияның болуы талап етіледі.

31-бап. Мәдениет саласындағы қызметті лицензиялау

Тарих пен мәдениет ескерткіштерінде археологиялық және (немесе) жөндеу-реставрациялық жұмыстарды жүзеге асыру үшін лицензияның болуы талап етіледі.

5-тарау. Жеке кәсіпкерлік қызмет түрлерін лицензиялау

32-бап. Қаржы саласындағы қызметті және қаржы ресурстарын шоғырландыруға байланысты қызметті лицензиялау

Мынадай қызмет түрлерімен айналысу үшін лицензияның болуы талап етіледі:

1) банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар жүргізетін банк операциялары;

заңды және тұлғалардың депозиттерін қабылдау, банк шоттарын ашу және жүргізу;

жеке тұлғалардың депозиттерін қабылдау, банк шоттарын ашу және жүргізу;

банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың корреспонденттік шоттарын ашу және жүргізу;

жеке және заңды тұлғалардың металл шоттарын ашу және жүргізу, оларда осы тұлғаға тиесілі тазартылған қымбат бағалы металдардың нақты саны көрсетіледі;

кассалық операциялар: осы тармақшаның екінші, үшінші, жетінші - оныншы абзацтарында көзделген банк операцияларының бірін жүзеге асыру кезінде қолма-қол ақшаны ұсақтауды, айырбастауды, қайта есептеуді, сорттауды, орауды, сақтауды қоса алғанда, оны қабылдау және беру;

аударымдық операциялары: жеке және заңды тұлғалардың төлемдер ақша аударымдары жөніндегі тапсырмаларын орындау;

есепке алу операциялары: жеке және заңды тұлғалардың вексельдерін және өзге де борыштық міндеттемелерін есепке алу (дисконт);

банктік қарыз операциялары: номиналды ұстаушы ретінде клиенттердің шотын жүргізу құқығы бар банктің, ипотекалық ұйымның, брокердің және (немесе) дилер мен

жалғыз акционері (қатысушысы) мемлекет болып табылатын заңды тұлғаның төлем жасалу, мерзімдік және қайтарылу шарттарында ақшалай нысанда кредиттер беруі;
шетелдік валютамен жасалатын айырбас операцияларын ұйымдастыру;
шетелдік валютамен айырбас операцияларын ұйымдастыру;
банкаралық клиринг: төлемдерді жинау, салыстыру, сұрыптау және растау,
сондай-ақ оларды өзара есепке алуды жүргізу және клирингке қатысушы - банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың таза ұ с т а н ы м д а р ы н а й қ ы н д а у ;

төлем карточкаларын шығару;
банкноталарды, монеталар мен құндылықтарды инкассациялау;
төлем құжаттарын (вексельдерден басқа) инкассоға қабылдау аккредитив ашу (шығару) және оны растау және ол бойынша міндеттемелерді орындау;
ақшалай нысанда орындау көзделетін банк кепілдіктерін беру;
үшінші тұлғалар үшін ақшалай нысанда орындау көзделетін банктік тапсырмалар мен өзге де міндеттемелерді беру;

банктер жүзеге асыратын өзге де операциялар:
тазартылған қымбат бағалы құйма металдарды (алтын, күміс, платина, платина тобының металдары), қымбат бағалы металдардан жасалған монеталарды сатып алу, кепілге қабылдау, есепке алу, сақтау және сату;

құрамында қымбат бағалы металдар мен қымбат бағалы тастар бар зергерлік бұйымдарды сатып алу, кепілге қабылдау, есепке алу, сақтау және сату;

вексельдермен жасалатын операциялар: вексельдерді инкассоға қабылдау, төлеушінің вексельдерге ақы төлеуі жөнінде қызметтер көрсету, сондай-ақ домицильдендірілген вексельдерге ақы төлеу, делдалдық тәртіппен вексельдердің а к ц е п т і ;

лизингтік қызметті жүзеге асыру;
меншікті бағалы қағаздарды (акциялардан басқа) шығару;
факторингтік операциялар: төлем жасамау тәуекелін қабылдай отырып, сатып алушыдан тауарларға (жұмыстарға, қызметтерге) ақы төлеуді талап ету құқығын и е л е н у ;

форфейтингтік операциялар (форфертингтеу): сатушыға айналым түспейтін жолмен вексель сатып алу арқылы тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатып алушының борыш міндеттемесіне ақы төлеу;

сейфтік операциялар: сейф жәшіктерін, шкафтар мен үй-жайларды жалға беруді қоса алғанда, клиенттердің құжаттамалық нысанда шығарылған бағалы қағаздарын, құжаттары мен құндылықтарын сақтау жөніндегі қызметтер;

2) "өмірді сақтандыру" саласы бойынша мынадай сақтандыру сыныптары шегінде:

ө м і р д і с а қ т а н д ы р у ;
а н н у и т е т т і к с а қ т а н д ы р у ;

өмірде белгілі бір оқиғаның болуына сақтандыру;
өмірді сақтандырушының инвестициялық кірісіне сақтанушының қатысуы арқылы
с а қ т а н д ы р у ;

"жалпы сақтандыру" саласы бойынша мынадай сақтандыру сыныптары шегінде:

қайғылы оқиғалардан сақтандыру
а у р у д а н с а қ т а н д ы р у ;
автомобиль көлігін сақтандыру;
темір жол көлігін сақтандыру;
ә у е көлігін сақтандыру;
с у көлігін сақтандыру;
ж ү к т е р д і с а қ т а н д ы р у ;

осы тармақшаның оныншы - он үшінші абзацтарында көрсетілген сыныптарды
қоспағанда, мүлікті зияннан сақтандыру;

автомобиль көлігі иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру;

әуе көлігі иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру;

су көлігі иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру;

осы тармақшаның он бесінші - он жетінші абзацтарында көрсетілген сыныптарды
қоспағанда, азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру;

қ а р ы з д а р д ы с а қ т а н д ы р у ;

и п о т е к а л ы қ с а қ т а н д ы р у ;

кепілдіктер мен кепілдемелерді сақтандыру;

өзге де қаржы шығындарынан сақтандыру;

с о т ш ы ғ ы с т а р ы н с а қ т а н д ы р у .

Заңнамалық актілерде белгіленген және сақтандырудың жекелеген сыныптары
болып табылатын міндетті сақтандыру түрлері:

көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті
с а қ т а н д ы р у ;

тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін
м і н д е т т і с а қ т а н д ы р у ;

жеке нотариустардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру;

аудиторлар мен аудиторлық ұйымдардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін
м і н д е т т і с а қ т а н д ы р у ;

туроператор мен турагенттің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті
с а қ т а н д ы р у ;

өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру;

қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объектілер иелерінің
азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру;

қызметкер еңбек (қызмет) міндеттерін атқарған кезде оның өмірі мен денсаулығына
зиян келтіргені үшін жұмыс берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті

с а қ т а н д ы р у .

3) Қайта сақтандыру жөніндегі қызмет.

"Жалпы сақтандыру" саласы бойынша лицензиясы бар сақтандыру ұйымы тек "жалпы сақтандыру" саласында ғана сақтандырудың барлық түрлері бойынша қайта сақтандыру жөнінде лицензия алуға және қызметті жүзеге асыруға құқылы.

"Өмірді сақтандыру" саласы бойынша лицензиясы бар сақтандыру ұйымы тек "өмірді сақтандыру" саласында ғана сақтандырудың барлық түрлері бойынша қайта сақтандыру жөнінде лицензия алуға және қызметті жүзеге асыруға құқылы.

Қайта сақтандыруды қайта сақтандыру жөніндегі лицензия негізінде қызметтің ерекше түрі ретінде жүзеге асыратын қайта сақтандыру ұйымы "өмірді сақтандыру" және "жалпы сақтандыру" салалары бойынша сақтандырудың барлық түрлері бойынша қайта сақтандыруды жүзеге асыруға құқылы.

4) Сақтандыру брокерінің қызметі;

5) Сақтандыру нарығындағы актуарийлік қызмет;

6) Брокерлік қызмет;

7) Дилерлік қызмет;

8) Бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімі жүйесін жүргізу жөніндегі қызмет;

9) Инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызмет;

10) Зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызмет;

11) Кастодиандық қызмет;

12) Трансфер-агенттік қызмет;

13) Бағалы қағаздармен және өзге де қаржы құралдарымен жасалатын сауда-саттықты ұйымдастыру жөніндегі қызмет;

14) Зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру жөніндегі қызмет;

15) Кредиттік бюро қызметі.

33-бап. Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы қызметті лицензиялау

Жобалау-іздістіру, сараптамалық, құрылыс-монтаж жұмыстарымен, құрылыс материалдарын, бұйымдары мен құрастырмаларын өндіру жөніндегі жұмыстармен айналысу үшін лицензияның болуы талап етіледі.

Бұл қызмет түрі мынадай кіші түрлерді қамтиды:

1. Инженерлік-геодезиялық және инженерлік-геологиялық іздістірулер:

1) геодезиялық орталықтарды салу және қалау;

2) инженерлік-гидрологиялық жұмыстар;

3) жоспарлы-биіктік түсірулердің желілерін жасау;

4) 1:5000-1:200 масштабтағы топографиялық түсірулер;

5) жер асты коммуникациялары мен құрылыстарын түсіру, желілік құрылыстар трассаларын жасау және түсіру;

6) инженерлік-геологиялық әзірлемелерді, геофизикалық және басқа да іздістіру

нүктелерін бекіту арқылы заттай көрініске ауыстырумен байланысты геодезиялық жұмыстар ;

7) геофизикалық зерттеулер, алдын ала байқау және түсіріп алу;

8) топырақты далалық зерттеулер, гидрогеологиялық зерттеулер;

9) топырақты, жер асты суларын, негіздер мен іргетастарды зертханалық зерттеулер

2. Қала құрылысы құжаттамасын әзірлеу:

1) жоспарлау құжаттамасы (елді мекендердің бас жоспарлары, аудандарды, шағын аудандарды, кварталдар мен жекелеген учаскелерді, тәптіштелген жоспарлау, салу жобалары) ;

2) көлік схемалары, сыртқы көлік, көше-жол желісі;

3) жылумен жабдықтау желілерінің схемалары;

4) сумен жабдықтау желілерінің, кәріз желілерінің схемалары;

5) газбен жабдықтау желілерінің схемалары;

6) энергиямен жабдықтау желілерінің схемалары;

7) телекоммуникациялар мен байланыс желілерінің схемалары.

3. Күрделілігі I немесе II және III деңгейдегі ғимараттар мен құрылыстарды сәулеттік жобалау :

1) объектілердің бас жоспарлары, жер бедерін көркейту және ыңғайластыру жобалары ;

2) өндірістік мақсаттағы объектілер;

3) ғимараттар мен құрылыстарды (тарих және мәдениет ескерткіштерінен басқа) қайта жаңғыртуды және қалпына келтіруді қоса алғанда, тұрғын үй-азаматтық ғимараттар мен құрылыстар .

4. Құрылыстық жобалау және құрастыру:

1) негіздер мен іргетастар* ;

2) бетонды және темір-бетонды, тасты және шегенделген тасты құрастырмалар* ;

3) болат және алюминий құрастырмалар* ;

4) ағаш құрастырмалар* ;

5) ғимараттар мен құрылыстарды күрделі жөндеу, қайта жаңғырту, құрастырмаларды нығайту .

Ескертпе: - * осы жұмыс түрлерінің тармақтары үшін ғимараттар мен құрылыстарды күрделі жөндеу, қайта жаңғырту, құрастырмаларды нығайту үшін жобалау құқығы бар .

5. Инженерлік жүйелер мен желілерді жобалау:

1) жылыту (электрлікті қоса алғанда), желдету, кондиционер орнату, сумен жабдықтау және кәріз ;

2) жылумен жабдықтау ;

3) магистральдық газ құбырларын, мұнай құбырларын, мұнай өнімдері құбырларын ;

- 4) төмен қысымды газбен жабдықтау;
- 5) орташа және жоғары қысымды газбен жабдықтау;
- 6) салқын ауамен жабдықтау;
- 7) 0,4 кВ-ға дейінгі, 10 кВ-ға дейінгі электрмен жабдықтау, электрлік жарықтандыру;
- 8) 35 кВ-ға дейінгі, 110 кВ-ға дейінгі және одан жоғары электрмен жабдықтау;
- 9) технологиялық процестерді автоматтандыру;
- 10) тогы әлсіз құрылғылар.

6. Жобалардың арнайы бөлімдерін әзірлеу:

- 1) еңбекті қорғау;
 - 2) коррозиядан қорғау;
- 3) ғимараттар мен құрылыстарды жаңадан салу, күрделі жөндеу, қайта жаңғырту немесе қайта жабдықтау үшін жобалау кезеңіндегі өрт-күзет белгісін беру, автоматика, өрт сөндіру және өрттен қорғау жүйелері;
- 4) сметалық құжаттама;
- 5) құрылысты ұйымдастыру жобалары (ҚҰЖ) мен жұмыстар жүргізу жобалары (Ж Ж Ж) .

7. Технологиялық жобалау:

Қоғамдық ғимараттар мен құрылыстар:

1) мектепке дейінгі білім беруге, жалпы және арнайы білім беруге, кадрларды даярлауға, ғылыми-зерттеу мекемелеріне, жобалау және қоғамдық ұйымдарға, басқаруға, мәдени-ағарту және ойын-сауық мекемелеріне, сауда (дәріханаларды қоса алғанда), қоғамдық тамақтану және тұрмыстық қызмет көрсету кәсіпорындарына арналған ғимараттар, дене шынықтыру-сауықтыру, спорт, демалыс пен туризмге арналған ғимараттар мен құрылыстар, әртүрлі мақсаттағы үй-жайларды қоса алғанда, көп функциялы ғимараттар мен кешендер;

2) денсаулық сақтауға арналған ғимараттар мен құрылыстар (дәріханаларды қоспағанда) ;

3) халыққа тікелей қызмет көрсету мақсатындағы көлікке арналған ғимараттар мен құрылыстар, коммуналдық шаруашылыққа арналған ғимараттар (өндірістік, қоймалық және көлік ғимараттары мен құрылыстарынан басқа).

Өндірістік мақсаттағы объектілер:

- 1) энергетикалық өнеркәсіп кәсіпорындары;
 - 2) мұнай-газ өнеркәсібінің кәсіпорындары;
 - 3) тау-кен өндіру өнеркәсібінің кәсіпорындары;
 - 4) қайта өңдеу өнеркәсібінің кәсіпорындары;
 - 5) ауыр машина жасау кәсіпорындары;
- 6) медицина, микробиология және фармацевтика өнеркәсібінің кәсіпорындары;
- 7) бөгеттер, бөгесіндер, басқа да гидротехникалық құрылыстар;

8) мұнара және діңгек үлгісіндегі құрылыстар мен құрастырмалар;

9) көтеру құрылыстары;

10) автомобиль, темір жол, әуе, су көлігі, соның ішінде қалаішілік көлік (жер үсті автомобиль және электрлі, жер асты, жер беті, аспалы, су) кәсіпорындары, объектілері мен коммуникациялары;

11) инженерлік инфрақұрылым кәсіпорындары, объектілері мен коммуникациялары

Байланыс объектілері мен құрылыстары:

1) жергілікті байланыс, радио және телекоммуникация желілері;

2) жалпы республикалық және халықаралық байланыс пен телекоммуникациялар желілері.

Ауыл шаруашылығы объектілері (қайта өңдеу өнеркәсібінің кәсіпорындарын қоспағанда).

Көлік құрылысы:

1) темір жолдар;

2) барлық санаттағы автомобиль жолдары;

3) қалалық электрлі көліктің көше-жол желісі;

4) көпірлер мен көпір өткелдері.

8. Сертификатталатындарды қоспағанда, құрылыс материалдарын, бұйымдары мен құрастырмаларын өндіру:

1) желдеткіш, санитарлық-техникалық, электр монтаждық жабдықтар;

2) металдардан, полимерлік және композиттік материалдардан;

3) мұнара-діңгек үлгісіндегі элементтер, түтін шығару мұржалары;

4) көпірлер мен көпір өткелдерінің элементтері;

5) резервуарлар мен көлемі 5000 м^3 дейінгі сыйымдылықтар;

6) қысыммен жұмыс істейтін немесе өртену қаупі бар және қоршаған ортаға зиянды материалдарды сақтауға арналған резервуарлар мен сыйымдылықтар;

7) тіреуіш және қоршау элементтері;

8) технологиялық металл құрастырмалары мен олардың тетіктері.

9. Құрылыс-монтаж жұмыстары құрамындағы жер жұмыстары.

10. Ғимараттар мен құрылыстардың бірінші, екінші және үшінші күрделілігі деңгейдегі тіреуіш және қоршау құрастырмаларын тұрғызу:

1) металл құрастырмаларды монтаждау, арматураларды орнату;

2) болат резервуарлар мен 5000 м^3 дейінгі сыйымдылықтарды;

3) қысыммен жұмыс істейтін, жарылу қаупі бар және қоршаған орта үшін зиянды материалдарды сақтауға арналған болат резервуарлар мен сыйымдылықтарды монтаждау;

4) мұнара және діңгек үлгісіндегі құрылыс құрастырмаларын, түтін мұржаларын

м о н т а ж д а у ;

5) көпірлер мен көпір өткелдерінің тіреуіш құрастырмаларын монтаждау;

6) көтергіш құрылыстардың (лифттердің, эскалаторлардың, шахта тоқпақтары мен көтергіштерінің, аспалы жолдардың және басқалардың) құрылыс құрастырмаларын м о н т а ж д а у ;

7) металлургия, мұнай-химия, тау-кен рудасы, энергетика және басқа да өнеркәсіп салалары агрегаттарының, аппараттары мен басқа да технологиялық ғимараттарының құрылыс құрастырмаларын монтаждау;

8) құйма бетон және темір-бетон құрастырмаларын орналастыру;

9) негіздер мен іргетастарды орналастыру, қада қағу жұмыстары;

10) құрама бетон және темір-бетон, тіреуіш ағаш құрастырмаларды монтаждау, тас, кірпіш, блок қалау және бөлу қалқаларын орналастыру, қоршау құрастырмаларын монтаждау және ойықтарды толтыру;

11) ш а т ы р л а у ж ұ м ы с т а р ы .

11. Арнайы құрылыс және монтаждау жұмыстары, топырақтағы арнайы жұмыстар:

1) мұнай құбырлары, газ құбырлары, мұнай өнімдері құбырларының магистральдық ж е л і л е р і ;

2) мұнай құбырларының, газ құбырларының кәсіпшілік желілері;

3) ұңғымаларды ж а й л а с т ы р у ;

4) кернеуі 35 кВ дейінгі электр беру магистральдық желілері;

5) кернеуі 110 кВ дейінгі және одан жоғары электр беру магистральдық желілері;

6) тұрғын үй және коммуналдық-тұрмыс объектілерін газдандыру;

7) гидротехникалық және селден қорғау құрылыстары, бөгеттер, бөгесіндер;

8) түтін шығару мұржалары, күш тіректері, градирнялар, шахта үстіндегі тоқпақтар;

9) отқа төзімді материалдарды қалау;

10) жарылу-өрт қаупі бар жабдықтарды монтаждау;

11) түсті металдардан, полимерлік материалдардан және шыныдан жасалған технологиялық құбырларды монтаждау;

12) байланыс пен телекоммуникациялардың жалпы республикалық және х а л ы қ а р а л ы қ ж е л і л е р і ;

13) мұнай, мұнай өнімдері мен сұйытылған газ қоймалары;

14) топырақтағы бұрғылау және бұрғылау-жару жұмыстары;

15) су асты-техникалық және теңіз қайраңындағы жұмыстар;

16) мелиоративтік және су шаруашылығы құрылысындағы жер жұмыстары;

17) топырақтағы гидромеханикаландырылған жұмыстар;

18) тау-кен ұңғылау және тоннель жұмыстары, сүзілуге қарсы қалқаларды орналастыру, топырақ қабатын бекіту, жер асты суларының деңгейін төмендету.

12. Сыртқы инженерлік желілер мен құрылыстарды және ішкі инженерлік желілерді

орналастыру жөніндегі жұмыстар:

- 1) қысыммен жұмыс істейтін құбырлар;
- 2) жылу желілері;
- 3) төмен қысымды газбен жабдықтау желілері;
- 4) орта және жоғары қысымды газбен жабдықтау желілері;
- 5) сумен жабдықтау және кәріз желілері;
- 6) электрмен жабдықтау желілері, электрмен жарықтандыруды орнату;
- 7) темір жол қатынасы жолдарын электрмен жабдықтау желілері, азаматтық авиация ұйымдарын электрмен жабдықтау және электрмен жарықтандыру желілері;
- 8) байланыс, радио, телекоммуникация және теледидар желілері мен ішкі жүйелері;
- 9) желдету, ауаны кондициялау, пневмокөлік және шаң-тозаң тұту;
- 10) электрмен жабдықтау, электрмен жарықтандыру, электрмен жылыту;
- 11) жылумен жабдықтау;
- 12) газбен жабдықтау;
- 13) сумен жабдықтау, кәріз.

13. Құрастырмалар мен жабдықтарды қорғау жөніндегі жұмыстар:

- 1) құрылыс құрастырмаларын су өтпейтіндей етіп қымтау;
- 2) құбырларды, құрылыс құрастырмалары мен жабдықтарын жылу шығармайтындай етіп қымтау;
- 3) қаптау және шегендеу жұмыстары;
- 4) агрессивті су әсері кезінде химиялық қорғаныш жабындыны қоса алғанда, құрылыс құрастырмалары мен жабдықтарын, құбырларды коррозиядан сақтау;
- 5) құбырларды, құрастырмалар мен жабдықтарды электр-химиялық қорғау.

14. Майлау және сырлау жұмыстарын қоспағанда, күрделілігі бірінші және екінші деңгейдегі ғимараттар мен құрылыстарды салу, қайта жаңарту, күрделі жөндеу кезіндегі әрлеу жұмыстары.

15. Жол құрылысы жөніндегі жұмыстар:

- 1) темір жол тармақтарына арналған негіздер;
- 2) темір жол тармағының үстіңгі қабаты;
- 3) жайластырылған және шағын жасанды құрылыстары бар республикалық маңызы бар автожолдардың негіздері мен жабындары;
- 4) жайластырылған және шағын жасанды құрылыстары бар жергілікті маңызы бар автожолдардың негіздері мен жабындары, шаруашылық ішілік автожолдардың негіздері мен жабындары;
- 5) қалалық жол желісінің негіздері мен жабындары;
- 6) аэродромдардың ұшу-қону алаңдарының және тікұшақ алаңдарының негіздері мен жабындары.

16. Іске қосу-оңдау жұмыстарын қоса алғанда, технологиялық жабдықтарды монтаждау:

- 1) көтергіш-көліктік, лифтілер;
- 2) металл өңдеу;
- 3) ағаш өңдеу;
- 4) металлургиялық, ұсақтау-уату, кен байыту және агломерациялық;
- 5) мұнай кәсіпшілігі, газ кәсіпшілігі;
- 6) геологиялық барлау, бұрғылау;
- 7) тау-шахта, метрополитендер мен тоннельдер;
- 8) жарылыстан қорғалған электр-техникалық жабдықтар;
- 9) бақылау, аварияға қарсы қорғау және белгі беру аппаратуралары мен жүйелері;
- 10) компрессор машиналары, сорғылар мен желдеткіштер;
- 11) темір жол көлігіндегі байланыс, белгі беру, орталықтандыру және блоктау құрылыстары мен жабдықтары;
- 12) газдарды тазарту;
- 13) технологиялық металл құрастырмалары, құбырлар;
- 14) электр-техникалық қондырғылар мен жабдықтар, электр пештері;
- 15) қазандық қондырғылар, жылу-қуат және қосалқы жабдық;
- 16) өндірістік және тұрмыстық мақсаттағы бақылау мен есепке алу аспаптары;
- 17) химия және мұнай өңдеу өнеркәсібінің кәсіпорындары;
- 18) көмір өнеркәсібінің кәсіпорындары;
- 19) гидроэлектр станциялары мен гидротехникалық құрылыстар;
- 20) жылу электр станциялары;
- 21) байланыс кәсіпорындары;
- 22) құрылыс материалдары өнеркәсібінің кәсіпорындары;
- 23) жеңіл өнеркәсіп кәсіпорындары;
- 24) театр-ойын-сауық ғимараттары мен құрылыстары;
- 25) астық өңдеу, тамақ өнеркәсібі кәсіпорындары және астық қоймалары.

17. Күрделілігі бірінші, екінші және үшінші деңгейдегі ғимараттар мен құрылыстардың құрастырмаларын күшейтуді қоса алғанда, күрделі жөндеу және қайта ж а н а р т у :

- 1) ғимараттар мен құрылыстардың тіреуіш және қоршау құрастырмалары (есептеу с х е м а с ы н өз г е р т п е й) ;
- 2) шатыр жабындылары мен құрастырмалары;
- 3) сыртқы және ішкі инженерлік желілер (газбен жабдықтаудан басқа);
- 4) газ құбырлары, мұнай құбырлары, мұнай өнімдері құбырлары, бу құбырлары, ауа құбырлары және басқа да стационарлық тасымалдау құрылыстарының желілері;
- 5) құрастырмалар мен жабдықтардың (қаптау, шегендеу, оқшаулау, коррозияға қарсы, химиялық және т.б.) қорғау жабындары;
- 6) республикалық және жергілікті маңызы бар автомобиль жолдары, шаруашылық және қалалық көше-жол желілері;

7) темір жолдар;

8) тоннельдер;

9) гидротехникалық және гидромелиоративтік құрылыстар;

10) лифтілерді, көтергіш көлік құрылғылары мен құрылыстарын жөндеу және оларға техникалық қызмет көрсету;

11) көпірлер мен көпір өткелдерінің элементтері.

18. Құрылысқа арналған жұмыстарды орындау кезінде инжинирингтік қызметтер көрсету:

1) құрылыс процесін технологиялық сүйемелдеуді жүргізу әдісімен және мамандандырылған зертханалар арқылы жұмыстар мен қызметтер нарығының субъектілері жүзеге асыратын орындалған құрылыс-монтаж жұмыстарының сапасын, мерзімдерін, құнын бақылау мен қабылдау және құрылыс материалдарын, бұйымдары мен құрастырмаларын өндіру жөніндегі инженерлік қызмет;

2) жұмысшы кадрлар мен мамандарды аттестаттау;

3) лицензия алуға ниет білдіруші заңды және жеке тұлғалардың өндірістік-техникалық базасын және біліктілік талаптарға сәйкестігін тексере отырып, лицензиаттар (лицензия алуға талапкерлер) ұсынатын материалдардың (құжаттардың) техникалық аудиті және сараптамасы;

4) жеке тұлғалар, сондай-ақ сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті орган болып табылмайтын заңды тұлғалар орындайтын сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы жобалау (жобалау-сметалық) құжаттаманың бөлімдерін сараптау;

5) ғимараттардың (құрылыстардың) және инженерлік жүйелер мен коммуникациялардың техникалық жай-күйін тексеруді қоса алғанда, қолданыстағы ғимараттар мен құрылыстардың жұмыс істеу сенімділігін әрі беріктігін бағалау.

Лицензияға қоса берілетін жобалау және (немесе) құрылыс-монтаж жұмыстарының тізбесінде лицензияның не сейсмикалық қаупі жоғары аудандарда (аймақтарда) қолданылуы туралы, не лицензиаттың осы аумақтарда жобалауға және (немесе) құрылыс жүргізуге құқығының жоқтығы туралы міндетті түрде көрсетілуге тиіс.

34-бап. Қазақстан Республикасының мемлекеттік нышандарын дайындау саласындағы қызметті лицензиялау

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туы мен Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасын, сондай-ақ олар бейнеленген материалдық объектілерді дайындау үшін лицензияның болуы талап етіледі.

35-бап. Кеден ісі саласындағы қызметті лицензиялау

Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына сәйкес жекелеген кедендік режимдер шеңберінде жүзеге асырылатын қызметпен айналысу, сондай-ақ кедендік қызметтер көрсету үшін лицензияның болуы талап етіледі.

Бұл қызмет түрі мынадай кіші түрлерді қамтиды:

- 1) кедендік қойманың кедендік режимі шеңберіндегі қызмет;
- 2) кедендік тасымалдаушының қызметі;
- 3) тауарлар мен көлік құралдарын уақытша сақтау қоймасының кедендік режимі шеңберіндегі қызмет;
- 4) кеден брокерінің қызметі.

36-бап. Өнеркәсіп саласындағы қызметті лицензиялау

Мынадай қызмет түрлерімен айналысу үшін лицензияның болуы талап етіледі:

1. Электр энергиясын қайта сату мақсатында сатып алу.
2. Химиялық, бұрғылау, мұнай-газ кәсіпшілігі, геологиялық барлау, тау-кен-шахта, металлургиялық, энергетикалық жабдықтарды, жарылыстан қорғалған электр-техникалық жабдықтарды, бақылау, аварияға қарсы қорғау және белгі беру аппаратуралары мен жүйелерін, көтергіш құрылыстарды, сондай-ақ қысыммен жұмыс істейтін қазандарды, ыдыстар мен құбырларды жобалау, дайындау, монтаждау, жөндеу

Бұл қызмет түрі мынадай кіші түрлерді қамтиды:

жобалау (жабдық әзірлеу үшін қажетті техникалық-экономикалық негіздемені, есептерді, сызбаларды, макеттерді, сметаларды, түсіндірме жазбаларды қамтитын кешенді техникалық, конструкторлық-технологиялық құжаттаманы әзірлеу); жасау (тұтас жабдықты, жекелеген элементтерді, түйіндерді, бөлшектерді, бөліктерді, блоктарды, қосалқы құрылғыларды); монтаждау (құрылыстарды, құрастырмаларды, технологиялық жабдықтарды, агрегаттарды, машиналарды, аппараттарды, аспаптар мен дайын бөлшектерден, түйіндерден, элементтерден жасалған басқа құрылғыларды өндірісті, объектіні пайдалану кезеңінде жинау, жөндеу және орнату); жөндеу (техникалық құрылғы жай-күйінің диагностикасы, оның дайындығын немесе жұмыс қабілетін қалпына келтіру, элементтерді ауыстыру, бұзылған жерлерді жөндеу, жою), ағымдағы және жоспарлы алдын ала жөндеу (машиналардың, жабдықтардың жұмыс процесінде туындайтын тоқырауы мен ақауларын жою), жабдықтарды орташа және күрделі жөндеу (машиналардың, химиялық, бұрғылау, мұнай-газ кәсіпшілігі, геологиялық барлау, тау-кен-шахта металлургиялық, энергетикалық жабдықтардың, жарылыстан қорғалған электр-техникалық жабдықтардың, бақылау, аварияға қарсы қорғау және белгі беру аппаратуралары мен жүйелерінің, көтергіш құрылыстардың, сондай-ақ қысыммен жұмыс істейтін қазандардың, ыдыстар мен құбырлардың ішінара немесе толық жұмсалған ресурстарын қалпына келтіру):

- 1) қысыммен жұмыс істейтін қазандар мен құбырларды жобалау, дайындау, монтаждау, жөндеу:

қысыммен жұмыс істейтін (казандар мен құбырларды), оның ішінде:
бу (бойлер-казандар), кәдеге асыру қазандарын;
буды қайта жылытқыштар мен экономайзерлерді;
қысыммен жұмыс істейтін су жылытатын және бу мен су жылытатын қазандарды;

жоғары температурамен және органикалық жылу тасымалдағыштармен жұмыс істейтін бу және сұйықтық қазандарды;

қысыммен жұмыс істейтін құбырларды жобалау, дайындау (жекелеген элементтерді, детальдар мен бөлшектерді қоса алғанда), монтаждау (өндірісті, объектіні пайдалану кезеңінде), жөндеу (жоспарлы-алдын ала, күрделі, негізгі және қосалқы жабдықтардың диагностикасы, оларды мерзімді байқау және техникалық қызмет көрсету; құрастырмаларды және жабдықтарды коррозиядан қорғау, құбырлар мен жабдықтарды жылу өткізбейтін етіп қымтау жөніндегі жұмыстарды орындау, бекітпе арматураны орнату; қазаннан шығатын түтін мұржалары мен газ жолдарын жөндеу, күл-қождан тазартатын қондырғыларды жөндеу.

2) көтергіш құрылыстарды жобалау, дайындау, монтаждау, жөндеу: көтергіш құрылыстарды, оның ішінде: барлық тұрпаттағы жүк көтергіш крандарды; манипулятор - крандарды;

басқару кабинасымен бірге жер үсті рельс жолдарымен қозғалатын жүк таситын электр арбаларды;

тек арқанға асылған немесе электр магнитті ілгекпен жұмыс істеуге арналған экскаватор - крандарды;

тальдерді (электр немесе қол жетегі бар);

барлық тұрпаттағы (клетті, скипті, бадьялы) және мақсаттағы (адам, жүк, жүк-адам) шахталық көтергіш қондырғыларды, барлық тұрпаттағы (өтімділік, монтаждық, иінтіректік) жүкшығырларды;

ауыспалы жүк қарпығыш мәрмдерді (ілгектер, грейферлер, жүк көтергіш электр магниттері және т.б.);

алмалы-салмалы жүк қарпығыш айлабұйымдарды (сым арқандар, қарпығыштар, траверстер және т.б.);

алып жүретін ыдыстарды;

электр және гидравликалық лифтілерді;

кабатаралық және тоннельдік эскалаторларды;

арқалық крандардың, тельефтердің барлық түрлері мен типтік көлемдерін жобалау, дайындау (жекелеген элементтерін, бөлшектерін, бөліктерін қоса алғанда), монтаждау (өндірісті, объектіні пайдалану кезеңінде), жөндеу (жоспарлы - алдын ала, күрделі, мұнай операцияларын жүргізу кезінде пайдаланылдың көтергіш құрылыстар мен қондырғыларды қоспағанда, барлық тұрпаттағы және мақсаттағы көтергіш құрылыстарды бұзу; кран асты жолдарды тегістеу және жөндеу; барлық тұрпаттағы көтергіш құрылыстарындағы іске қосу-реттеу жұмыстары, техникалық диагностика, одан әрі пайдалану мүмкіндігін анықтау мақсатында қызмет мерзімі біткен көтергіш құрылыстардың техникалық жай-күйін тексеру);

3) қысыммен жұмыс істейтін сауыттар мен құбырларды жобалау, дайындау,

м о н т а ж д а у ,

ж ө н д е у :

қысыммен жұмыс істейтін сауыттар мен құбырларды, оның ішінде:

0,7кг/см² жоғары қысыммен жұмыс істейтін сауыттарды;

0,7кг/см² жоғары қысыммен сығымдалған, сұйытылған және ерітілген газдарды тасымалдау мен сақтауға арналған баллондарды;

температурасы 50⁰ С болған кезде қысымы 0,7кг/см² асатын сұйытылған газдарды тасымалдауға және сақтауға арналған шандар мен бөшкелерді;

оларды босату үшін кезең-кезеңмен 0,7кг/см² жоғары қысым жасалатын сығылған, сұйытылған газдарды, сұйықтықтар мен сусымалы денелерді тасымалдауға және сақтауға арналған шандар мен сауыттарды;

белгіленген қуаты 14 кВт және одан жоғары тұрақты, поршеньдік және айналмалы с ы ғ ы м д а у ы ш т а р д ы ;

мотор отыны ретінде көмірсутекті газ пайдаланылатын автокөліктің газ баллондық а п п а р а т у р а с ы н ;

қысыммен жұмыс істейтін құбырларды;

бекітпе-реттеуші аппаратураны және сақтандырғыш қондырғыларды, тікелей және жанама әрекет ететін газ қысымын реттеуіштерді жобалау, дайындау (жекелеген элементтерді, детальдарды, бөлшектерді қоса алғанда), монтаждау (өндірісті, объектіні пайдалану кезеңінде), жөндеу (техникалық диагностика, куәлік беру, ағымдағы, ж о с п а р л ы - а л д ы н а л а , к ү р д е л і) .

3. Өлшеу құралдарын өндіру және жөндеу.

4. Занды тұлғалардың түсті және қара металл сынықтары мен қалдықтарын жинауы (дайындауы), сақтауы, өңдеуі және өткізуі.

37-бап. Этил спиртінің және алкоголь өнімдерінің өндірісі мен айналымы, темекі бұйымдарының өндірісі саласындағы қызметті лицензиялау

Мынадай қызмет түрлерімен айналысу үшін лицензияның болуы талап етіледі:

1. Этил спиртінің өндірісі және алкоголь өнімдерінің айналымы (алкоголь өнімдерін (сырадан басқа) сақтау, көтерме және бөлшек сату).

2. Темекі бұйымдарының өндірісі.

38-бап. Ақпараттандыру және байланыс саласындағы қызметті лицензиялау

1. Байланыс саласында қызметтер көрсету үшін лицензияның болуы талап етіледі.

Бұл қызмет түрі мынадай кіші түрлерді қамтиды: жергілікті, қалааралық, халықаралық телефон байланысы;

IP-телефония (Интернет-телефония), мәліметтерді беру (оның ішінде Интернет және телеграфтық байланыс қызметтері);

бөлінген байланыс желісі бойынша телекоммуникациялар;

спутниктік жылжымалы байланыс;

ұялы байланыс (стандарт атауын көрсете отырып);

ұтқыр телекоммуникациялық байланыс (оның ішінде жылжымалы радио/ радиотелефондық, транкингтік және пейджингтік байланыс қызметтері);
байланыс арналарын беру жөнінде;
п о ч т а б а й л а н ы с ы .

2. Радиожиіліктер спектрі және нөмірлеу ресурсы пайдаланылатын байланыс саласындағы қызметке лицензиялар конкурстық негізде беріледі.

Байланыс саласындағы қызметпен айналысуға лицензиялар берудің, оның ішінде конкурстық негізде берудің шарттары мен тәртібін, сондай-ақ лицензия беруден бас тарту және лицензияның қолданылуын тоқтата тұру үшін қосымша негіздемелерді Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

3. Мынадай қызметті жүзеге асыру үшін лицензия алу талап етілмейді:

1) меншікті не жалға алынған желілік немесе коммутациялық жабдығы жоқ және пайдаланушыларға тиісті лицензиялар негізінде әрекет ететін басқа байланыс операторларының қызметтерін ұсынатын жеке және заңды тұлғалардың.

Мұндай тұлғалар мен байланыс операторының арасындағы қатынастар жасалған шарттармен реттеледі, олардың құрылымы лицензиармен келісілуге тиіс. Делдалдар қызметтерді шарт жасасқан байланыс операторының сауда маркасымен ұсынуға міндетті. Бұл ретте тұтынушыларға ұсынылатын қызметтердің сапасына және лицензияның қолданылу шарттарының орындалуына байланыс операторы жауап береді ;

2) өндірісішілік қызметті және технологиялық процестерді, оның ішінде үшінші тұлғаларға байланыс қызметтерін ұсынбай радиожиілік спектрін пайдалана отырып, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында Қазақстан Республикасының резиденті емес - байланыс операторлары ұсынатын байланыс қызметтерін пайдаланбай басқаруға арналған желілерді құру және пайдалану бойынша;

3) байланыс саласындағы қызметпен байланысты емес, жалпы пайдаланудағы телекоммуникация желісіне қосылмаған және негізгі қызмет түрін жүзеге асыруға арналған ұтқыр телекоммуникациялық байланыс желілерін құру және пайдалану (оның ішінде жылжымалы радио/радиотелефондық, транкингтік және пейджингтік байланыс) б о й ы н ш а .

Осы Заңның 38-бабының 4-тармағының 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген жағдайларда жиіліктер, радиожиіліктер белдеулерін (радиожиіліктік арналарды) пайдалану үшін байланыс саласындағы уәкілетті орган Қазақстан Республикасының байланыс саласындағы заңнамасына сәйкес радиожиілік спектрін пайдалануға рұқсат береді.

39-бап. Ауыл шаруашылығы, жерге орналастыру, геодезия және картография саласындағы қызметті лицензиялау

Мынадай қызмет түрлерімен айналысу үшін лицензияның болуы талап етіледі:

1. Арнайы және (немесе) салалық мақсаттағы жерге орналастыру,

топография-геодезиялық және картографиялық жұмыстарды жүргізу:

Бұл қызмет түрі мынадай кіші түрлерді қамтиды:

- 1) жерге орналастыру жұмыстарын жүргізу;
- 2) топография-геодезиялық жұмыстарды жүргізу;
- 3) картографиялық жұмыстарды жүргізу.

2. Астықты қабылдау, өлшеу, кептіру, тазарту, сақтау және тиеп жөнелту.

3. Астықты экспортқа өткізу жөніндегі қызмет.

4. Шитті мақтаны талшықты мақта етіп бастапқы өңдеу.

40-бап. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы қызметті лицензиялау

Табиғат қорғауды жобалаумен, нормалаумен және экологиялық сараптама саласындағы жұмыстармен айналысу үшін лицензияның болуы талап етіледі.

41-бап. Жеке және заңды тұлғаларға қызмет көрсету саласындағы қызметті лицензиялау

Мынадай қызмет түрлерімен айналысу үшін лицензияның болуы талап етіледі:

1. Білім беру ұйымдарындағы қызметті қоспағанда, дене шынықтыру-сауықтыру, спорт қызметтері.

2. Банкроттық рәсімдерінде төлем қабілетсіз борышкерлердің мүлкі мен істерін басқару.

3. Мүлікті бағалау (зияткерлік меншік объектілерін, материалдық емес активтердің құнын қоспағанда).

4. Зияткерлік меншік объектілерін, материалдық емес активтердің құнын бағалау.

5. Заңды және жеке тұлғалардың күзет қызметін жүзеге асыруы.

6. Мемлекеттік емес субъектілердің іздестіру (детективтік) қызметімен байланысты қызметтер көрсетуі.

7. Ойын бизнесі саласындағы қызмет.

Ойын бизнесі саласы мынадай объектілерді қамтиды:

1) казино;

2) тотализатор;

3) букмекерлік кеңсе;

4) құмар ойындарды өткізу үшін ақшалай ұтыс шығатын ойын автоматтары ғана пайдаланылатын жеке үй-жайда не бірнеше өзара байланысты үй-жайда орналасқан ойын мекемесі.

8. Жұмыс күшін Қазақстан Республикасынан шетелге шығару.

9. Туроператорлық, турагенттік қызмет, туризм нұсқаушысының қызметтері.

10. Аудиторлық қызмет.

11. Экологиялық аудиторлық қызмет.

42-бап. Көлік саласындағы қызметті лицензиялау

Мынадай қызмет түрлерімен айналысу үшін лицензияның болуы талап етіледі:

1. Темір жол жылжымалы құрамын дайындау және жөндеу; қауіпті жүктерді

тасымалдау үшін пайдаланылатын арнайы контейнерлерді дайындау және жөндеу.

2. Теңіз және өзен порттарының теңіз және өзен кемелеріне, жолаушылар мен жүктерге қызмет көрсетуге байланысты қызметі.

3. Жол қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге байланысты қызмет: жол қозғалысын реттеудің техникалық құралдарын орнату, монтаждау, жөндеу, пайдалану.

4. Жолаушылар мен жүктерді темір жол, теңіз, өзен, автомобиль көлігімен тасымалдау.

43-бап. Валюталық операцияларды және валюталық құндылықтарды пайдалануға байланысты қызметті лицензиялау

Валюталық операциялардың және валюталық құндылықтарды пайдалануға байланысты қызметтің мынадай түрлері лицензиялануға тиіс:

1) бөлшек сауда-саттықты жүзеге асыру және қолма-қол шетелдік валюта үшін қызметтер көрсету;

2) валюталық операцияларды жүзеге асыру.

6-тарау. Тауарлар (жұмыстар, қызметтер) экспортын және импортын лицензиялау

44 - б а п . Ж а л п ы е р е ж е л е р

Тауарлардың экспорты мен импортын лицензиялау - лицензиялауға және тауарларды Қазақстан Республикасының кедендік аумағына әкелуге немесе Қазақстан Республикасының кедендік аумағынан әкетуге арналған алдын ала шарт ретінде тиісті уәкілетті органға өтініш пен тиісті құжаттаманы (кедендік мақсаттар үшін талап етілетіндерден басқа) табыс ету рәсімі.

Бұл ретте, тауарлардың экспортына және/немесе импортына тауарлардың экспорты мен импортын лицензиялаудың орындау үшін шектеулер енгізілген мақсаттардан басқа артық шектеуші немесе бұрмалаушы әсері болмауы керек.

45-бап. Жекелеген тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) экспорты мен импортын автоматты емес лицензиялау

1. Экспорт-импорт операцияларын жасауға автоматты емес тәртіппен лицензиялар берудің және оны ресімдеудің тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

2. Лицензия өтініш берушіге әрбір жекелеген мәміле бойынша экспорт немесе импорт операцияларын жүзеге асыру үшін күнтізбелік бір жыл кезеңіне беріледі.

Тауардың (жұмыстың, қызметтің) келісім-шартқа қосылған атауларының санына қарамастан лицензия олардың бір түріне беріледі.

Жекелеген қызмет түрлерін бас лицензия бойынша жүзеге асыратын тұлғалар үшін қызметтің осы түрінде үнемі пайдаланылатын жекелеген тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) импортына лицензия қолданылу мерзіміне (келісім-шарт санына қарамастан жыл сайынғы импорт көлеміне) шек қойылмай беріледі.

3. Өтінім берушінің дәлелденген өтініші бойынша бір жолғы лицензияның

қолданылу мерзімі ұзартылуы мүмкін.

4. Бір жолғы лицензиялар оларда көрсетілген мерзімдерде тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) экспорты мен импортына берілген рұқсат болып табылады және өнімді кедендік ресімдеу үшін негіз болады.

46-бап. Тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) экспортын автоматты емес лицензиялау

1 . Е г е р :

1) ішкі нарықта сатылуы (өткізілуі) немесе пайдаланылуы лицензия негізінде жүзеге асырылатын тауарлар (жұмыстар, қызметтер) экспорт нысаны болып табылатын ;

2) аталған тауарды (жұмыстарды, қызметтерді) өндіру және өткізу мемлекет монополиясы болып табылған жағдайларда экспорттық операциялар лицензиялануы мүмкін. Жекелеген қызмет түрлерін мемлекеттік монополияға жатқызу Қазақстан Республикасының мемлекеттік монополия туралы заңнамасы арқылы жүзеге асырылады .

2. Тауарлар (жұмыстар, қызметтер) экспортына лицензиялау тәртібін өзге негіздер бойынша, соның ішінде ішкі тауар және азық- түлік нарықтарын тұтынушылардың мүдделерін қорғау және соған байланысты тапшы тауарларды шетелге шығаруды шектеу себептері бойынша енгізуді Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

3. Тауарды (жұмыстарды, қызметтерді) бір мемлекетке шығару үшін берілген лицензияларды сол тауарды (жұмыстарды, қызметтерді) басқа мемлекетке шығару үшін пайдалануға болмайды.

47-бап. Тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) импортын автоматты емес лицензиялау

Жекелеген тауарлар түрлеріне уақытша сандық шектеу енгізілген жағдайда, сондай-ақ мемлекет, азаматтардың өмірі немесе денсаулығы, заңды немесе жеке тұлғалардың мүлкі, қоршаған орта қауіпсіздігі мақсатында автоматты емес лицензиялау жүзеге асырылады .

Автоматты емес лицензияланған кезде өтініштерді қарау мерзімі өтініштердің түсу тәртібімен қаралса, отыз жұмыс күнінен және барлық өтініш бір уақытта қаралса, алпыс жұмыс күнінен аспауға тиіс .

Өтініштер бір уақытта қаралған жағдайда өтініштерді өңдеу кезеңі өтініш беру үшін жарияланған мерзімнің соңғы күнінен кейінгі күні басталды деп есептеледі.

48-бап. Жекелеген тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) импортын автоматты лицензиялау

Тауарлар импортын автоматты емес лицензиялау тауарлар импортын өтініш негізінде мониторингтеу (қадағалау) мақсатында жүзеге асырылады.

Егер лицензия алуға өтініш тиісті нысанда берілсе, олар алынған соң әкімшілік мүмкіндіктер шегінде, бірақ 10 жұмыс күнінен аспайтын мерзім ішінде дереу бекітіледі

Өзге қосымша құжаттарды талап етуге тыйым салынады.

Үкіметтің шешімімен уақытша қорғау шаралары енгізілген тауарлар да автоматты лицензиялануға тиіс.

Импорты автоматты лицензиялануға тиіс тауарлардың тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

7-тарау. Лицензияларды және (немесе) лицензияға қосымшаларды берудің шарттары мен тәртібі

49-бап. Лицензияны және лицензияға қосымшаны беру тәртібі

1. Жұмыстар мен қызметтер тізбесіне, өндірістік базаның орналасқан жеріне (болған жағдайда), заңды тұлғаның Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан, орталық мемлекеттік орган немесе орталық мемлекеттік органның ведомствосы лицензиары болып табылатын филиалдарына лицензияға қосымшаны орталық мемлекеттік орган немесе орталық мемлекеттік органның ведомствосы береді.

Лицензиар - облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органы, жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы орган болған жағдайда:

1) өз құзыреті шегінде лицензияға қосымшаға жұмыстар мен қызметтер тізбесін, өндірістік базаның орналасқан жерін (болған жағдайда), заңды тұлғаның филиалын қоса отырып лицензия береді;

2) заңды тұлғаның басқа өңірлерде орналасқан филиалдары филиалдың есептік тіркелген жері бойынша тиісті лицензиар берген лицензияға қосымша негізінде осы лицензияның аясына қосылады.

2. Лицензиарларға - облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарына, жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдарға мемлекеттік тіркелуі осы лицензиардың қарамағындағы аумақтан тыс жүзеге асырылған заңды немесе жеке тұлғаларға лицензия беруге тыйым салынады.

3. Қаржы саласындағы қызметпен және қаржы ресурстарын шоғырландыруға байланысты қызметпен айналысу құқығына және валюталық операцияларды жүзеге асыруға лицензия берудің, беруден бас тартудың, оның қолданылуын тоқтата тұрудың, тоқтатудың (алып қоюды қоспағанда) тәртібі мен шарттарын Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі мен қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган белгілейді.

Валюталық құндылықтарды пайдалануға байланысты қызметпен айналысу құқығына және валюталық операцияларды жүзеге асыруға лицензия берудің, беруден бас тартудың, оның қолданылуын тоқтатудың тәртібі мен шарттарын, сондай-ақ мұндай операциялардың тізбесін Қазақстан Республикасының валюталық реттеу және

бақылау саласындағы заңнамалық актілеріне сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық
Банкі белгілейді.

4. Лицензия алу үшін мынадай құжаттар:

- 1) белгіленген үлгідегі өтініш;
- 2) заңды тұлға үшін - Жарғының (экспорт және импорт операцияларын қоспағанда) және өтініш берушінің заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелуі туралы куәліктің нотариалды куәландырылған көшірмелері;
- 3) жеке тұлғалар үшін - жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 4) жеке кәсіпкер үшін - өтініш берушінің жеке кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркелуі туралы куәліктің нотариалды куәландырылған көшірмесі;
- 5) өтініш берушінің салық органында есепке тұрғаны туралы куәліктің нотариалды куәландырылған көшірмесі;
- 6) жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін бюджетке лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжат;
- 7) өтініш берілген қызмет түріне қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес мәліметтер мен құжаттар қажет.

Қаржы саласындағы қызметпен және қаржы ресурстарын шоғырландыруға байланысты қызметпен айналысу құқығына лицензия берген кезде құжаттар тізбесіне қойылатын қосымша құжаттарды Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі мен қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі уәкілетті орган да белгілей алады.

5. Лицензияға қосымша алған жағдайда мынадай құжаттар:

- 1) бас заңды тұлғаның белгіленген үлгідегі өтініші;
- 2) бас заңды тұлға лицензиясының нотариалды куәландырылған көшірмесі;
- 3) өтініш берілген қызмет түріне қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес мәліметтер мен құжаттар (осы баптың 4-тармағының 1)-6) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды қоспағанда) қажет.

Лицензияға қосымшалар (лицензияға қосымшалардың телнұсқаларын) берген кезде лицензиялық алым алынбайды.

6. Лицензия және/немесе лицензияға қосымша беру үшін тиісті лицензиарға ұсынылған барлық құжаттар тізімдеме бойынша қабылданады, оның көшірмесі көрсетілген органның құжаттарды қабылдаған күні туралы белгісімен өтініш берушіге жіберіледі (табыс етіледі).

7. Лицензия алу үшін ұсынылған құжаттардың дұрыстығы үшін жауапкершілік әкімшілік заңнамада белгіленген тәртіппен өтініш берушіге жүктеледі.

50-бап. Лицензия беру үшін қорытынды беру тәртібі

Лицензия берген кезде қоршаған ортаны қорғау, ядролық, радиациялық, санитарлық-эпидемиологиялық, өнеркәсіптік, өрт қауіпсіздігі және мемлекеттік энергетикалық қадағалау саласындағы қорытындыларды алу қажет болса:

1. Лицензиар лицензия алуға өтініш берушінің құжаттары тіркелген күннен бастап екі жұмыс күні ішінде, ал кәсіпкерлік қызмет түрлері үшін бір жұмыс күні ішінде өтініш берушінің мемлекеттік тіркелген жері бойынша қоршаған ортаны қорғау, ядролық, радиациялық, санитарлық-эпидемиологиялық, өнеркәсіптік, өрт қауіпсіздігі және мемлекеттік энергетикалық қадағалау саласындағы органдарға өтініш берушінің қоршаған ортаны қорғау, ядролық, радиациялық, санитарлық-эпидемиологиялық, өнеркәсіптік, өрт қауіпсіздігі және мемлекеттік энергетикалық қадағалау саласында қойылатын талаптарға сәйкестігінің қорытындысын беру туралы сұрау жібереді.

2. Қоршаған ортаны қорғау, ядролық, радиациялық, санитарлық-эпидемиологиялық, өнеркәсіптік, өрт қауіпсіздігі және мемлекеттік энергетикалық қадағалау саласындағы органдар лицензиар сұрауының негізінде жиырма бес жұмыс күні ішінде, ал кәсіпкерлік қызмет түрлері үшін жеті жұмыс күні ішінде өтініш берушінің қоршаған ортаны қорғау, ядролық, радиациялық, санитарлық-эпидемиологиялық, өнеркәсіптік, өрт қауіпсіздігі және мемлекеттік энергетикалық қадағалау саласында қойылатын талаптарға сәйкестігін белгілейді және тиісті лицензиарға өтініш берушінің қойылатын талаптарға сәйкестігін растайтын қорытынды жібереді.

3. Өтініш берушінің қоршаған ортаны қорғау, ядролық, радиациялық, санитарлық-эпидемиологиялық, өнеркәсіптік, өрт қауіпсіздігі және мемлекеттік энергетикалық қадағалау саласында қойылатын талаптарға сәйкестігі туралы қорытындының нысандарын мүдделі орталық мемлекеттік органдармен келісім бойынша уәкілетті орган бекітеді.

51-бап. Лицензия және (немесе) лицензияға қосымша беру туралы өтініштерді қ а р а у м е р з і м д е р і

1. Лицензияны және лицензияға қосымшаны лицензиар осы Заңда белгіленген тиісті құжаттармен қоса өтініш берілген күннен бастап (кәсіпкерлік қызмет түрлерін қоспағанда) отыз жұмыс күнінен кешіктірмей береді.

Кәсіпкерлік қызмет түрлеріне лицензияны және лицензияға қосымшаны лицензиар осы Заңда белгіленген тиісті құжаттармен қоса өтініш берілген күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірмей береді.

Лицензиар осы бапта белгіленген мерзім ішінде лицензия беруге немесе лицензия беруден бас тартудың себептері туралы жазбаша түрде дәлелді жауап беруге міндетті.

2. Егер лицензиар осы Заңда белгіленген мерзімде өтініш берушіге жеке кәсіпкерлік қызметтің жекелеген түрімен айналысу құқығына лицензия бермесе немесе өтініш берушіні лицензия беруден бас тарту туралы жазбаша түрде хабардар етпесе, онда осы Заңда лицензия беру үшін белгіленген мерзімдер өткен күннен бастап бес жұмыс күні өткен соң өтініш беруші тиісті лицензиарды жеке кәсіпкерлік қызметтің өзі өтініш берген түрін, жүзеге асыра бастағаны туралы жазбаша түрде хабардар етеді.

Лицензиар өтініш берушінің жазбаша хабарламасын алған кезден бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей өтініш беруші жазбаша хабарламада көрсеткен күннен бастап

жеке кәсіпкерлік қызметтің өтініш берілген түріне лицензия беруге міндетті.

Лицензиар өтініш берушінің жазбаша хабарламасын алған кезден бастап бес жұмыс күні ішінде лицензия бермеген жағдайда өтініш беруші бұл іс-әрекеттерге сот тәртібімен шағынуға құқылы.

52-бап. Жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін төленетін лицензиялық алым

Қазақстан Республикасының лицензиялау туралы заңнамасына сәйкес лицензиялануға тиіс жекелеген қызмет түрлерімен айналысуға лицензия (лицензияның телнұсқасын) берген кезде жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін Қазақстан Республикасының Салық кодексінде белгіленген лицензиялық алым төленеді, бұл лицензиялар (лицензиялардың телнұсқасын) алу үшін қажетті құжаттар тапсырылғанға дейін төленеді.

Жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алымды төлеушілер, есептеу, төлеу және төленген сомаларды қайтару тәртібі Қазақстан Республикасының Салық кодексінде айқындалады.

Жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алым ставкаларын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

8-тарау. Лицензияны және/немесе лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу, оның телнұсқаларын беру, қолданылуын тоқтату және тоқтата тұру

53-бап. Лицензияның және/немесе лицензияға қосымшаның телнұсқаларын қайта ресімдеу және беру

1. Лицензиясы және/немесе лицензияға қосымшасы жоғалған, бүлінген жағдайда лицензиат лицензияның және/немесе лицензияға қосымшаның телнұсқаларын алуға құқылы.

Лицензияның және/немесе лицензияға қосымшаның жоғалған, бүлінген бланкі лицензиат лицензиарға жазбаша өтініш (лицензияның және/немесе лицензияға қосымшаның жоғалған, бүлінген фактісін растайтын құжаттармен қоса) берген күннен бастап жарамсыз деп саналады.

Лицензиар өтініш берілген күннен бастап он жұмыс күні ішінде жаңа нөмір бере отырып және жоғарғы оң жақ бұрышында "Телнұсқа" деген жазуы бар лицензияның және/немесе лицензияға қосымшаның телнұсқаларын береді.

Лицензияның телнұсқасы берілген кезде лицензиат Қазақстан Республикасының Салық кодексінде белгіленген тәртіппен жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алым төлейді.

2. Жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты өзгерген жағдайда, бір тұрпаттағы заңды тұлға басқа тұрпаттағы заңды тұлға болып өзгертілген, заңды тұлғаның (филиалдың) атауы, орналасқан жері өзгерген (егер ол лицензияда көрсетілген болса), сондай-ақ қызмет түрінің атауы өзгерген жағдайда, ол бір ай мерзім ішінде көрсетілген

мәліметтерді растайтын тиісті құжаттармен қоса, лицензияны және/немесе лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу туралы өтініш беруге міндетті.

Лицензиат тиісті жазбаша өтініш берген күннен бастап он жұмыс күні ішінде лицензиар лицензияны және/немесе лицензияға қосымшаны қайта ресімдейді.

Лицензияны қайта ресімдеген кезде Қазақстан Республикасының Салық кодексінде белгіленген тәртіппен жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алым төленеді.

54-бап. Лицензия беруден бас тарту

1 . Е г е р :

1) заңнамалық актілерде субъектілердің осы санаты үшін жекелеген қызмет түрімен айналысуға тыйым салынса;

2) осы Заңға сәйкес талап етілетін барлық құжаттар табыс етілмесе. Өтініш беруші көрсетілген кедергілерді жойған жағдайда өтініш жалпы негіздер бойынша қаралады;

3) жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алым төленбесе;

4) өтініш беруші біліктілік талаптарына және заңнамада белгіленген лицензиялау талаптарына сай келмесе;

5) өтініш берушіге қатысты оған жекелеген қызмет түрімен айналысуға тыйым салатын сот шешімі болса, лицензия беруден бас тартылуы мүмкін.

Қаржы саласындағы қызметпен және қаржы ресурстарын шоғырландыруға байланысты, сондай-ақ валюталық операциялар саласындағы қызметпен және валюталық құндылықтарды пайдалануға байланысты қызметпен (операциялармен) айналысу құқығына лицензия беруден бас тарту үшін қосымша талаптарды Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі және (немесе) қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі уәкілетті орган белгілейді.

2. Лицензия беруден бас тартылған жағдайда лицензиар лицензия беру үшін белгіленген мерзімде өтініш берушіге жазбаша түрде дәлелді жауап қайтарады.

3. Заңды тұлғаның филиалдары болған жағдайда осы Заңның 54-бабы 1-тармағының 2), 4) тармақшаларына сәйкес лицензияға қосымшаны алудан бас тартылуы мүмкін.

55-бап. Лицензия беруден бас тартқаны үшін шағымдану

Егер лицензия осы Заңда белгіленген мерзімде берілмесе (жеке кәсіпкерлік қызмет түрлерін қоспағанда) немесе бас тарту өтініш берушіге дәлелсіз болып көрінсе (қызметтің барлық түрлеріне), ол заңнамада белгіленген тәртіппен бұл әрекеттерге шағымдануға құқылы.

56-бап. Лицензияның және/немесе лицензияға қосымшаның қолданылуын тоқтату

1. Лицензияның және/немесе лицензияға қосымшаның қолданылуы мынадай жағдайларда :

- 1) лицензияның және/немесе лицензияға қосымшаның берілген мерзімі аяқталғанда ;
- 2) жүзеге асырылуына лицензия және/немесе лицензияға қосымша берілген іс-әрекеттер (операциялар) толық көлемде жасалғанда;
- 3) лицензия және/немесе лицензияға қосымша алып қойылғанда;
- 4) жеке тұлғаның қызметі тоқтатылғанда, қайта құрылу немесе бөліну нысанындағы қайта ұйымдастырылуды қоспағанда, заңды тұлға (филиал) таратылғанда;
- 5) лицензия және/немесе лицензияға қосымша лицензиарға ерікті түрде қайтарылғанда ;
- 6) лицензияланатындардың тізбесінен жекелеген қызмет түрі алып тасталса;
- 7) алынған лицензияға сәйкес қызмет бір жыл ішінде жүзеге асырылмаса тоқтатылады .

2. Лицензияның және/немесе лицензияға қосымшаның қолданылуын тоқтатқан кезде лицензиат он жұмыс күні ішінде лицензияны лицензиарға қайтаруға міндетті.

Осы Заңның 56-бабының 2-тармағының шарттарын бұзғаны үшін жауапкершілік әкімшілік заңнамада белгіленген тәртіппен лицензиатқа жүктеледі.

3. Лицензияның және/немесе лицензияға қосымшаның қолданылуын тоқтатуға байланысты дауларды соттар шешеді.

57-бап. Лицензияның және/немесе лицензияға қосымшаның қолданылуын тоқтата тұру, оны алып қою

1. Лицензиаттың лицензия берілген қызмет түрін жүзеге асыруға Қазақстан Республикасының заңнамасында және біліктілік талаптарында белгіленген талаптарды орындамауы лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшаның қолданылуын тоқтата тұруға, мерзімін көрсете отырып, бұзушылықтарды жою туралы хабарлама беруге, сондай-ақ ықпал ету шараларын бастауға негіз болып табылады.

2. Лицензиар тоқтата тұру себебін көрсете отырып, тұтас лицензияның, сол сияқты оның қосымшаларының жекелеген бөліктерінің қолданылуын алты айға дейінгі мерзімге тоқтата тұруға құқылы.

Лицензияға қосымшаның қолданылуы мерзімін көрсете отырып, біліктілік талаптарын бұзушылықтарды жою туралы хабарлама берілген жағдайларда тоқтатыла тұрады. Лицензиат хабарламада көрсетілген мерзім ішінде хабарламада көрсетілген бұзушылықтарды жоймаса, осы Заңда белгіленген тәртіппен бүкіл лицензияның қолданылуы тоқтатыла тұрады.

Лицензиат хабарламада көрсетілген мерзім ішінде хабарламада көрсетілген бұзушылықтарды жоймаса, лицензиар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа лицензиаттың лицензиясын алып қою туралы өтініш жасауға құқылы.

3. Лицензиат лицензияның және/немесе лицензияға қосымшаның қолданылуын тоқтата тұру туралы шешімге сот тәртібімен шағымдануға құқылы. Лицензияның және/

немесе лицензияға қосымшаның қолданылуын тоқтата тұрудың заңдылығы туралы сот шешімі болған жағдайда оны тоқтата тұру мерзімі лицензиар осындай шешім қабылдаған күннен бастап есептеледі.

4. Лицензияның және/немесе лицензияға қосымшаның қолданылуын тоқтата тұру себептері жойылған жағдайда лицензияның және/немесе лицензияға қосымшаның қолданылуын тоқтата тұру мерзімі өткеннен кейін лицензиар өз шешімімен лицензияның және/немесе лицензияға қосымшаның қолданылуын қайта жаңғыртады.

Лицензиар лицензияның және/немесе лицензияға қосымшаның қолданылуын тоқтата тұрған себептер тоқтата тұру мерзімі аяқталғаннан бұрын жойылған жағдайда лицензиат тиісті лицензиарға лицензияның және/немесе лицензияға қосымшаның қолданылуын қалпына келтіру туралы өтініш жасауға құқылы.

5. Лицензиардың лицензияның қолданылуын тоқтата тұру немесе оны алып қою туралы хабарламасын алғаннан кейін лицензияланатын қызмет түрін жүзеге асыру Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген лицензиялық тәртіп белгіленген қызметті лицензиясыз жүзеге асырған кездегідей жауаптылыққа әкеп соғады.

6. Қаржы саласындағы қызметті және қаржы ресурстарын шоғырландыруға байланысты қызметті жүзеге асыруға арналған лицензияны алып қою жағдайларын қоспағанда, лицензияны және/немесе лицензияға қосымшаны алып қою сот тәртібімен жүзеге асырылады.

Мынадай жағдайларда:

1) лицензиат лицензияланатын қызметтің осы түріне қойылатын талаптарды орындамаса;

2) сот лицензиаттың жүзеге асыруға лицензиясы және/немесе лицензияға қосымшасы бар қызмет түрімен айналысуына тыйым салса;

3) лицензиар белгілеген мерзімде лицензиар немесе сот лицензияның және/немесе лицензияға қосымшаның қолданылуын тоқтата тұрған себептер жойылмаса;

4) лицензиат лицензия және/немесе лицензияға қосымшаны алу кезінде көрінеу жалған ақпарат берсе;

5) бұрын лицензияның қолданылуы тоқтатыла тұрған бұзушылықтарды лицензиат бір жыл ішінде қайтадан жасаса, лицензияны және/немесе лицензияға қосымшаны алып қою жүзеге асырылады.

Лицензия және/немесе лицензияға қосымша алып қойылған жағдайда алып қойылған күннен бастап бір жыл өткеннен кейін оны алу үшін қайтадан өтініш жасауға болады.

9-тарау. Бақылауды жүзеге асыру және лицензиялау туралы заңнаманы бұзғаны үшін жауапкершілік

58-бап. Лицензиялар тізілімін жүргізу

1. Лицензиарлар лицензиялауды өздері жүзеге асыратын қызмет түрлеріне арналған лицензиялар тізілімін жүргізеді.

Лицензиялар тізілімінде мынадай мәліметтер:

лицензиярдың атауы;

лицензия берілген күн;

заңды тұлғалар үшін - атауы және ұйымдық-құқықтық нысаны, орналасқан жері; жеке кәсіпкер үшін - тегі, аты, әкесінің аты, тұратын жері, жеке тұлғасын куәландыратын құжатының деректері, сондай-ақ жеке тұлға жеке кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркелген жағдайда куәліктің нөмірі мен берілген күні; лицензияланатын қызмет түрі (лицензияланатын қызметтің кіші түрлері, филиалдар) ;

лицензияның қолданылу мерзімі;

салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

лицензияны қайта ресімдеу негіздері мен күні;

лицензияның қолданылуын тоқтата түру және жаңғырту негіздері мен күні;

лицензияның қолданылуын тоқтату негізі және күні көрсетілуге тиіс.

2. Лицензиялар тізілімінің бірыңғай нысанын уәкілетті орган бекітеді.

59-бап. Лицензиялау саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру

1. Лицензиар өз құзыреті шегінде жүзеге асыратын мемлекеттік бақылау функциялары :

1) лицензия алған кезде өтініш берушінің біліктілік талаптарына сәйкестігін белгілеу ;

2) тізілім жүргізу жолымен берілген лицензиялар санын есепке алу;

3) лицензиаттар қызметінің біліктілік талаптарына сәйкестігі нысанына тексерулер жүргізу жолымен жүзеге асырылатын лицензиялық бақылау.

2. Лицензиялау саласындағы мемлекеттік бақылау функцияларын мемлекеттік емес ұйымдарға, оның ішінде қоғамдық бірлестіктерге және тәуелсіз сарапшыларға бергені үшін мемлекеттік органдардың лауазымды адамдары Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жауаптылықта болады.

60-бап. Шығындарды өтеу

Лицензия беруден орынсыз бас тартудан немесе лицензиаттың құқығын бұзудан туындайтын шығындарды өтеу Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

61-бап. Лицензиялануға тиіс қызметті лицензиялау туралы заңнаманы бұзумен жүзеге асырғаны үшін жауапкершілік

1. Жекелеген қызмет түрлерімен тиісті лицензиясыз айналысу заңнамада белгіленген әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікке әкеліп соғады.

2. Лицензиялық тәртіп белгіленген жекелеген қызмет түрлерімен лицензиясыз айналысудан алынған кіріс Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бюджетке тәркіленуге тиіс .

3. Лицензиялау туралы заңнаманы бұзғаны үшін лицензиарларға және олардың

лауазымды адамдарына Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген жауапкершілік жүктеледі.

62-бап. Осы Заңды қолданысқа енгізу тәртібі

1. Осы Заң ресми жарияланған күнінен бастап алты ай өткен соң қолданысқа е н г і з і л е д і .

2. Осы Заңның 43-бабының 2) тармақшасы 2006 жылғы 31 желтоқсанға дейін қ о л д а н ы л а д ы .

3. "Лицензиялау туралы" 1995 жылғы 17 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 3-4, 37-құжат; N 12, 88-құжат; N 14, 93-құжат; N 15-16, 109-құжат; N 24, 162-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 8-9, 236-құжат; 1997 ж., N 1-2, 8-құжат; N 7, 80-құжат; N 11, 144, 149-құжаттар; N 12, 184-құжат; N 13-14, 195 205-құжаттар; N 22, 333-құжат; 1998 ж., N 14, 201-құжат; N 16, 219-құжат; N 17-18, 222, 224, 225-құжаттар; N 23, 416-құжат; N 24, 452-құжат; 1999 ж., N 20, 721, 727-құжаттар; N 21, 787-құжат; N 22, 791-құжат; N 23, 931-құжат; N 24, 1066-құжат; 2000 ж., N 10, 248-құжат; N 22, 408-құжат; 2001 ж., N 1, 7-құжат; N 8, 52, 54-құжаттар; N 13-14, 173, 176-құжаттар; N 23, 321-құжат; N 24, 338-құжат; 2002 ж., N 2, 17-құжат; N 15, 151-құжат; N 19-20, 165-құжат; 2003 ж., N 1-2, 2-құжат; N 4, 25-құжат; N 6, 34-құжат; N 10, 50, 51-құжаттар; N 11, 69-құжат; N 14, 107-құжат, N 15, 124, 128, 139-құжаттар; 2004 ж., N 2, 9-құжат; N 5, 27-құжат; N 10, 54-құжат; N 14, 82-құжат; N 15, 86-құжат; N 16, 91-құжат; N 17, 98-құжат; 2005 ж., N 7-8, 23-құжат; N 11, 37-құжат; N 14, 55, 58-құжаттар) күші жойылды деп танылсын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті